

<b>ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы	50-11 –
Дәрістер кешені	40 беттің 1 беті

## **ДӘРІС КЕШЕНІ**

**Пән:** Микробиология

**Пән коды:** Micro 1204

**ББ атауы және шифры:** 6B10106 «Фармация»

**Оқу сағаты/кредит көлемі:** 120 сағат (4 кредит)

**Оқытылатын курс пен семестр:** 1, I

**Дәріс көлемі:** 10 сағат

**Шымкент 2024 ж.**

<b>OÝNTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы	50-11 –
Дәрістер кешені	40 беттің 2 беті

Дәріс кешені «Микробиология» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасына (силлабус) сәйкес өзірленген және кафедра мәжілісінде талқыланды

Хаттама № 10а“5” 06 202 4 ж

Кафедра менгерушісі, м.ғ.д, проф.



Сейтханова Б.Т.

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы	50-11 –
Дәрістер кешені	40 беттің 3 беті

## **№1 дәріс**

**1. Тақырыбы:** Микробиология пәні, оның міндеті және мақсаттары. Микробиологияның ғылыми қалыптасуының негізгі кезеңдері. Жалпы микробиология. Фармацевтикалық микробиология, оның маңызы. Микроорганизмдердің морфология негіздері.

**2. Мақсаты:** Студенттерге микробиология пәнінің мақсаты мен міндеттерін, микробиология, вирусология және иммунологияның тарихи дамуын, сонымен қатар микрорганизмдердің морфологиясын ультрақұрылымын, жүйелілігін үйрету.

Студенттермен бактериялар мен вирустардың жіктелу принциптерін талдау және морфологияларын жіктең талқылау.

### **3. Дәріс тезистері.**

Микробиология иммунология медицинада іргелі-теориялық және клиникалық пен медициналық профилактикалық пәндер арасында аралық орынды алады. Микробиология барлық медициналық пәндермен тығыз байланысты (хирургия, терапия, онкология, жүйке жүйелері аурулары, урология, офтальмология, эндокринология, эпидемиология, педиатрия, стоматология, жұқпалы аурулар, медицина-алдың алу, фармациялық пәндермен). Кез келген дәрігер негізгі микробиология және иммунологияны жете менгеріп оны практикада ауруға микробиологиялық диагноз қоюда пайдалана білу керек.

Қазіргі уақытта статистикалық мәліметтер бойынша 70 % ауру жұқпалы ауру, сондықтан дәрігер микробиологиялық әдістерді (бактериологиялық, бактериоскопиялық, серологиялық, вирусологиялық, биологиялық) бактериялардың, вирустардың морфологиясын жете менгеру керек.

Бактериялар прокариоттарға жатады. Бактериялар пішініне қарай коқк тәрізді, таяқша тәрізді, иілген, бұралған, жіппелі болып бөлінеді.

Шар тәрізді бактерияларға микрококтар, диплококтар, пневмококтар, стрептококтар, стафилококтар, сарциналар. Таяқша тәрізді бактериялар спора түзетін және спора түзбейтін болып бөлінеді. Иілген бактериалар - спираль тәрізді бактериялар спириллалар, спирохеталар.

Спирохеталар 3 түрге бөлінеді. 1.Трепонома, 2. Боррели .3. Лептоспиры.

Риккетсиялар адамда риккетсиоз ауруын шақырады, цитоплазмада қосарланып көбейеді, биттердің, бүргелердің, кенелердің ағзасында жақсы көбейеді. Романовский-Гимзе әдісімен боялады.

Хламидиялар–облигатты жасуша ішілік паразит, тек тірі ағзада көбейеді, олар (АТФ) және (ГТФ) синтездемейді. Адамдарда хламидиялар көзді зақымдайды трахома, коньюктивит, урогенитальді ағзада және өкпеде ауруды шақырады.

Актиномицеттер – тармақталған жіпше және таяқша грам он бактериялар. Патогенді актиномицеттер актиномикозды, нокаrdии-

<b>ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы	50-11 –
Дәрістер кешені	40 беттің 4 беті

нокардиозды, микобактерия туберкулезді алапесті, коринобактерия-күлді шақырады.

Микоплазмалар-майда бактериялар жасуша қабырғасы жоқ, адамдарда атипті пневмонияны шақырады.

Бактерия жасушасының құрылымы – цитоплазмалық мембрана, жасуша қабырғасынан, нуклеоид, капсула, микрокапсула, жіпшелер, кірпікшелер, споралардан тұрады.

Вирустардың класификациясы мен морфологиясы; Вирустар РНҚ және ДНҚ түзуші болып екі түрге бөлінеді. Вирустардың морфологиясын электронды микроскоптың жәрдемімен үйренеміз. Қалыптасқан вирус бөлшектерін вириондар дейміз. Вириондардың пішіні таяқша, ок, сперматазоид, жіп, сфера тәрізді болып бөлінеді.

Вирустар қарапайым және күрделі құрылымды болып екіге бөлінеді. Қарапайым құрылымды вирустар нуклеин қышқылынан және капсидтен ал күрделі құрылымды вирустар нуклейн қышқылынан, капсидтен және липопротеин қабықшасынан тұрады.

Капсид және қабықша вирионды сыртқы орта әсерінен сақтайды.

Вирустардың жіктелу негізі келесі жіктелуге байланысты; нуклеин қышқылының түріне (РНҚ, ДНҚ) оның құрылымы мен жіпшелерінің саны (біреу немесе екеу) вирус геномының ерекшелігіне, көлемі мен пішініне, капсомер санына нуклеокапсидтің симметрия типіне, қабықшаның барлылығына, жасушада көбею орнына, антигендік қасиетіне.

Бактериялар прокариоттарға жатады. Бактериялар пішініне қарай кок тәрізді, таяқша тәрізді, иілген, бұралған, жіпшелі болып бөлінеді.

Шар тәрізді бактериаларға микрококтар, диплококтар, пневмококтар, стрептококтар, стафилококтар, сарциналар жатады.

Таяқша тәрізді бактериялар спора түзетін спора түзбейтін болып бөлінеді. Иілген бактериялар - спираль тәрізді бактериялар спирillлалар, спирохеталар.

Спирохеталар 3 түрге бөлінеді. 1. Трепонома, 2. Боррелилер .3. Лептоспиралар.

Риккетсиялар адамда риккетсиоз ауруын шақырады, цитоплазмада қосарланып көбейеді, биттердің, бүргелердің, кенелердің ағзасында жақсы көбейеді. Романовский-Гимзе әдісімен боялады.

Хламидиялар–облигатты жасуша ішілік паразит, тек тірі ағзада көбейеді, олар (АТФ) және (ГТФ) синтездемейді. Адамдарда хламидиялар көзді зақымдайды трахома, коньюктивит, урогениталді ағзада және өкпеде ауруды шақырады.

Актиномицеттер – тармақталған жіпше және таяқша грам он бактериялар. Патогенді актиномицеттер актиномикозды, нокардии-нокардиозды, микобактерия туберкулезді алапесті, коринобактерия-күлді шақырады.

<b>OÝTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы	50-11 –
Дәрістер кешені	40 беттің 5 беті

Микоплазмалар-майда бактериялар жасуша қабырғасы жоқ, адамдарда атипті пневмонияны шақырады.

Бактерия жасушасының құрылымы – цитоплазмалық мембрана, жасуша қабырғасынан, нуклеоид, капсула, микрокапсула, жіпшелер, кірпікшелер, споралардан тұрады. Вирустардың класификациясы мен морфологиясы; Вирустар РНҚ және ДНҚ түзуші болып екі түрге бөлінеді. Вирустардың морфологиясын электронды микроскоптың жәрдемімен үйренеміз. Қалыптасқан вирус бөлшектерін вириондар дейміз. Вириондардың пішіні таяқша, оқ, сперматазоид, жіп, сфера тәрізді болып бөлінеді.

Вирустар қарапайым және күрделі құрылымды болып екіге бөлінеді. Қарапайым құрылымды вирустар нуклейн қышқылынан және капсидтен, ал күрделі құрылымды вирустар нуклейн қышқылынан, капсидтен және липопротеин қабықшасынан тұрады.

Капсид және қабықша вирионды сыртқы орта әсерінен сақтайды.

Вирустардың класификациялану негізі келесі жіктелуге байланысты; нуклеин қышқылының түріне (РНҚ, ДНҚ) оның құрылымы мен жіпшелерінің саны (біреу немесе екеу) вирус геномының ерекшелігіне, көлемі мен пішініне, капсомер санына нуклеокапсидтің симметрия типіне, қабықшаның барлығына, жасушада көбею орнына, антигендік қасиетіне.

Бактериялардың физиологиясы – патоген, шартты патоген бактериялардың қоретік орталарда өсуі, таза дақылды бөліп алу әдістері жүқпалы ауруларға диагноз қоюда маңызы жоғары.

Бактериялардың коректенуі класификациясы бойынша аутотрофтар, гетеротрофтар, фототрофтар, хемотрофтар-литотрофтар, органатрофтар болып бөлінеді.

Гетеротрофтық дәреже барлық бактерияларда бірдей емес. Бактериялардың ішінде сапрофиттер өлген органикалық заттармен коректенеді, паразиттер қоректік затты макроорганизмдерден алады. Паразиттер облигатты және факультативті болып бөлінеді. Бактерия ферменттері-6 класқа бөлінеді; оксидоредуктаза, трансфераза, гидролаза, лигаза, лиаза, изомераза. Ферменттер бактерия жасушасының ішінде орналасатын ферменттер –эндоферменттер, сыртқы ортаға бөлінетін ферменттер –экзоферменттер болып бөлінеді. Тыныс алу түріне қарай бактериялар қатаң аэроб, микроаэрофильдер, облигатты анаэроб, факультативті анаэроб, қатаң анаэроб болып бөлінеді.

Вирустар облигатты жасуша ішілік паразит. Вирустардың репродукциясы 6 стадиядан тұрады. 1.вирионның жасушаға адсорбциялануы. 2. вирустың жасушаға енуі. 3.«вирустың шешіні». 4. вирус компоненттерінің синтезделуі. 5. вирионның құрылуы. 6. вирионның жасушадан шығуы.

Бактериофагтар –вирус бактериялары РНҚ және ДНҚ түзуші болып бөлінеді.

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы	50-11 –
Дәрістер кешені	40 беттің 6 беті

Фагтар практикада емдік және алдын-алу мақсатта жұқпалы ауруларда қолданылады.

Бактериофагтар ген-инженерияда ДНК рекомбинанттарын алуда қолданылады.

**4. Иллюстрациялы материалдар:** плакаттар, схема, презентация.

**5. Әдебиет: Косымша 1 қарау.**

**6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы):**

1. Бактериялардың морфологиясына қарай бөліну топтарын атаңыз?
2. Вирустардың жіктелуі қандай ерекшеліктеріне қарай негізделеді?
3. Бактериялар мен вирустардың құрылымындағы айырмашылықтары қандай?

## № 2 дәріс

**1. Тақырыбы:** Микроорганизмдердің физиологиясы және генетика негіздері.

**2. Мақсаты.** Студенттерге бактериялар мен вирустардың физиологиясын талдап биохимиялық қасиетін жіктең үйрету. Студенттерге анаболизм және катаболизм процестерінің аракатынасын түсіндіру. Микроорганизмдердегі метаболизмнің негізгі этаптарын қарастыру. Қоректік заттардың микроб клеткасына ену механизмін түсіндіру.

Студенттерге бактериялар мен вирустардың генетикасын яғни генетикалық ақпараттың берілу механизмы мен түрлерін талқылау. Плазмидалардың антибиотиктерге тұрақтылығын қамтамасыз етудегі ролін және механизмін түсіндіру.

**3. Дәрістің тезистері.**

Бактериялардың физиологиясы – бактериялардың тіршілігін, зат алмасуын, қоректенуін және қоршаған ортамен қарым-қатынасын зерттейді. Бактериялардың зат алмасуын зерттеу оларды дақылданыруда, таза дақылдарын бөліп алып идентификациялауда үлкен орын алады. Патоген, шартты патоген бактериялардың физиологиясын зерделеу, олар тудыратын жұқпалы аурулардың патогенезін зерттеу, микробиологиялық диагноз қоюда, емдеу және олардың алдын алу, адам мен қоршаған орта қарым-қатынастарын реттеу, сонымен қатар биотехнологиялық процестерді қолдана отырып, бактериялардан биологиялық белсенді заттарды алу үшін қажет.

Бактерияларды қоретік орталарда өсіру, таза дақылды бөліп алу әдістері жұқпалы ауруларға диагноз қоюда маңызы жоғары.

Бактериялардың қоректенуі класификациясы бойынша аутотрофтар, гетеротрофтар, фототрофтар, хемотрофтар, литотрофтар, органатрофтар болып бөлінеді. Гетеротрофтық дәреже барлық бактерияларда бірдей емес.

**Гетеротрофтар** – көміртегіні органикалық қосылыстардан пайдаланатындар. Женіл сіңірлелітін көміртегі көздері гексозалар, көпатомды

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы	50-11 –
Дәрістер кешені	40 беттің 7 беті

спирттер, аминқышқылдар болып табылады.

Энергия көзі ретінде күннің жарығын пайдаланатын организмдерді **фоторофтар** деп атайды.

Ал тотығу – тотықсыздандыру реакцияларының нәтижесінде пайда болған энергияны пайдаланатын организмдерді **хемотрофтар** деп атайды.

Бактериялардың ішінде сапрофиттер өлген органикалық заттармен қоректенеді, паразиттер қоректік затты макроорганизмдерден алады. Паразиттер облигатты және факультативті болып бөлінеді. Облигатты паразиттер жасушадан тыс жерде мұлдем тіршілік ете алмайды. Факультативті паразиттер сапрофиттер тәрізді иесінің жасушасының қоректік орталардан организмнен тыс тіршілік етіп көбейе алады.

Бактерияларды *in vitro* жүйесінде дақылдандыру қоректік орталарда жүзеге асырылады. Жасанды қоректік орталар келесі талаптарға сай болуы тиіс.

1. Бактериялардың барлық тіршілік процестері суда өтетіндіктен кез келген қоректік ортада жеткілікті мөлшерде су болуы қажет.

2. Гетеротрофтық бактерияларды дақылдандыру үшін, ортада органикалық көміртегі көзі болуы керек. Бұл қызметті түрлі органикалық қосындылар атқарады: көмірсулар, аминқышқылдар, органикалық қышқылдар, майлар.

3. Ақуыз, нуклеотидтер, АТФ, коферменттер синтездеу үшін бактерияға азот, күкірт, фосфат және басқа да минералдық заттар мен микроэлементтер қажет. Азот көзі ретінде пептон болуы мүмкін, сонымен қатар қөптеген бактериялар азот көзі ретінде амоний тұздарын пайдалана алады. Күкірт пен фосфорды бактериялар бейорганикалық тұздар ретінде пайдалануы мүмкін : сульфаттар және фосфаттар күйінде. Ферменттердің дұрыс жұмыс жасауы үшін бактерияларға кальций, Mg, Fe иондары қажет, оларды қоректік орталарға фосфат тұздары ретінде қосып отырады.

4. Қөптеген микроорганизмдерің өсіп-өнуінде орта pH маңызды орын алады. Ортаның pH-ын белгілі бір деңгейде ұстап отыру, бактериялардың өздерінің тіршілік өнімдерінің нәтижесінде пайда болған улардан өліп қалмауы үшін қажет. Осы мақсатта қоректік ортанды фосфаттық буфер көмегімен буферлеп қояды.

5. Ортандың белгіленген осмостық қысымы болуы керек. Қажет болған жағдайда қоректік орталарға өсу факторларын, кейбір бактериялардың өсуін басатын ингибиторлар, ферменттер әсерін күшейтетін субстраттар мен индикаторлар қосылады.

6. Қоректік орталар стерильді болуы тиіс.

Консистенциясына байланысты қоректік орталар сұйық, жартылай сұйық және тығыз болып келеді.

Бактерия геномдары генетикалық элементтерден тұрады. Мутация спонтанды және индуцирленген болып бөлінеді. Бактерия рекомбинациясы –

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы	50-11 – 40 беттің 8 беті
Дәрістер кешені	

бұл екі аралық геномның бір-бірімен әсерлесуі. Конъюгация – генетикалық материалдың донордан реципиентке тікелей берілуі. Трансдукция -бактерия ДНҚ-ның бактериофаг жәрдемімен берілуі. Трансформация процесі реципиент клеткасының біліктілігіне байланысты.

Біліктілік-бактерия клеткасының ДНҚ –ны жоюы.

Плазмидалар- екі тізбекті молекулалы ДНҚ тұрады қасиеті бойынша бірнеше түрге бөлінеді

1. антибиотиктерге тұрақтылықты қамтамасыз етеді.
2. колицин тұзуші.
3. патогенді фактордың өнімдерін тұзуші.
4. антибиотикалық заттарды синтездеуші қасиет.
5. күрделі органикалық заттарды ыдыратушы.
6. рестрикция ферменті мен модификацияны тұзуші.

Вирустардың генетикасының айырмашылығы нәсілдік информация ДНҚ-да, РНҚ-да вирустың түріне қарай беріледі.

Гендік инженерия, генетикалық инженерия —генетикалық және биохимиялық әдістердің көмегімен тұраалық кедергілері жоқ, тұқым қуалайтын қасиеттері өзгеше, табигатта кездеспейтін жаңа гендер алу; молекулалық биологияның бір саласы. Гендік инженерия әр түрлі организмдер геномының бөлігінен рекомбинатты ДНҚ құрастырумен қатар, ол рекомбинатты молекулаларды басқа организм геномына енгізіп, жұмыс істеуін (экспрессиясын) қамтамасыз етеді.

Бактерия геномдары генетикалық элементтерден тұрады. Мутация спонтанды және индуцирленген болып бөлінеді. Бактерия рекомбинациясы— бұл екі аралық геномның бір-бірімен әсерлесуі.

- 4. Иллюстрациялы материалдар:** плакаттар, схема, презентация.
- 5. Эдебиет: Қосымша 1 қарап.**
- 6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы):**
  1. Бактериялардың қоректену түрлерін атаңыз?
  2. Бактериялардың тыныс алу типіне қарай класификациясы?
  3. Бактерия ферменттерінің негізгі топтары және олардың класификациясы?
  4. Бактериялардың есу факторлары?
  5. Медициналық микробиологиядағы гендік инженерия?
  6. Бактериялар мен вирустардың генетикасының ерекшеліктерін атаңыз?
  7. Плазмидалардың түрлерін атаңыз?

### № 3 дәріс

- 1. Тақырыбы:** Фитопатогенді микроорганизмдер.
- 2. Мақсаты:** Өсімдіктерде ауру тудырушы патогенді және шартты-патогенді микроорганизмдермен таныстыру.

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы	50-11 –
Дәрістер кешені	40 беттің 9 беті

### 3. Дәріс тезистері.

Фитопатогенді микроорганизмдермен құрес жүргізуде келесі шаралар жүргізілуде: төзімді өсімдіктерді бөліп алу, дәндерді тазалау және залалсыздандыру, топырақты зақымданудан қорғау, зақымданған өсімдіктерден арылу, өсімдіктерде тұрақтайтын ауру тарататын қоздырығыштарды жою.

Дәрілік заттарды микробиологиялық қадағалау. Көбейген микроорганизмдер, дәрілік өсімдіктерден алынған препараттардың фармакологиялық құрамының өзгерісіне алып келеді. Дәрілік өсімдіктерді жасауда санитарлық режимді сақтау үшін қоршаған орта ұйымының объектілеріне және шығарылатын дәрі түрінің әрбір сериясына санитарлы-микробиологиялық бақылау жүргізеді. Инъекциялар түріндегі, көзге тамызатын тамшылар, маздар, пленкалар және басқа да парентеральды жолмен ендірілетін дәрілік заттар, нормативті-техникалық құжатта белгіленген сәйкес нұсқаулары бойынша стерильді болуы тиіс. Дәрілік заттардың стерильдігін бақылау, түрлі бактерияларды анықтау үшін тиогликолдық ортага ендіру жолымен жүргізіледі, сонымен қатар анаэробтарды; Сабур ортасына ендіру арқылы негізгі мақсатпен Candida туысының саңырауқұлағын алады. Антимикробы әсері бар дәрілік заттардың стерильдігін мемброналық фильтрация жолымен анықтайды: фильтрациядан кейінгі зерттелетін препарат фильтрін бөліктерге бөліп, сұйықты қоректі ортага тежелген микроагзаларды өсіру үшін ендіреді. Өсуі тежелген жағдайда препарат стерильді деп саналады.

Стерильді қажет етпейтін дәрілік заттар құрамында әдетте микроорганизмдер болады, сондықтан оларды микробиологиялық тазалықты зерттеуде қолданады: 1гр. немесе 1мл. препараттағы өмір сұруге жарамды бактериялар және саңырауқұлақтар санын анықтауда, сонымен қатар стерильденбеген дәрілік заттарда кездесуге тиіс емес микроорганизмдерді (энтеробактерияларға жататын бактериялар, көк-ірінді таяқша, алтын түстес стафилококк) анықтауда жүргізіледі. Ішкі ағзаларға қолданылатын дәрілік шикізаттың 1гр. немесе 1мл.-де 1000 бактериядан және ашытқы саңырауқұлақтар саны 100-ден аспауы керек. Жергілікті қолдану кезде (кулақ іші, мұрын) микроорганизмдердің саны 1гр. немесе 1 мл.препарата 100 (сумарлы) микробы клеткадан аспауы керек. Таблеткалы препараттарда патогенді микрофлора болмауы керек, ал жалпы микробтық клетка бір таблеткада 10 мыңнан аспауы тиіс.

**4. Иллюстрациялық материалдар:** кесте, схема, плакаттар, презентация.

**5. Әдебиет: Қосымша 1 қарау.**

**6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы):**

1. Фитопатогенді микробтар – бактериялар, вирустар, саңырауқұлақтар, олардың айырмашылықтары қандай?

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы	50-11 –
Дәрістер кешені	40 беттің 10 беті

2. Дәрілік заттар арқылы болатын аурулар белгілері, себептері қандай?
3. Микробты асқынудың себептері және фитопатогенді микроорганизмдермен құрессу жолдарын атаңыз?
4. Дәрі-дәрмектердің залалдануын болдырмау ережелері қандай?
5. Сұйық дәрілік заттарға микробтардың тұсу белгілерін атаңыз?

#### **№ 4 дәріс**

**1. Тақырыбы:** Инфекция. Инфекция түрлері. Микроорганизмдердің патогенділігі.

**2. Мақсаты:** Студенттерге инфекция туралы түсінікке анықтама беру және инфекциялық аурулардың кезендерін түсіндіру сипаттама беру.

**3. Дәріс тезистері.**

Инфекциялық үрдіс инфекциялық аурудың негізін құрайды. Инфекциялық ауру даму үшін макроорганизмге микроорганизмнің әсер етуі қажет. Инфекциялық кезең бірнеше этаптан тұрады.

1. инкубациялық кезең.
2. продромальді кезең.
3. аурудың жандануы.
4. аурудың сауығуы.

Инфекциялық үрдістің дамуында паразит феномені негізгі маңызды роль атқарады. Паразит қожайын есебінен қоректеніп ағзасын уақытша немесе мәнгілік мекен етіп, екі организм бір-бірімен қарама-қарсы жағдайда өмір суреді.

Инфекциялық үрдістің стадиялары.

Бірінші стадия –микробтың макроорганизмге енуі яғни қақпа арқылы кірген жерінде үйреніп қалыптасып, макроорганизм жасушасына жабысады.

Екінші стадиясында-колонизация қақпада микроорганизмдер яғни кілегей шырышты қабатта, теріде жайылып жасушамен ұлпаларға тараля бастайды.

Үшінші стадиясы-диссеминация жайылу, микроорганизм бүкіл ағзага таралады.

Төртінші стадиясы- макроорганизмнің қорғаныс спецификалық, бейспецификалық факторларын микроорганизмнің токсинін нейтралдауға, ағзадағы гомеостазды қалыптастыруға жұмсалады.

Бесінші стадия – инфекциялық үрдістің аяқталуы яғни организмнің микробтардан тазаруы организмде иммунитеттің қалыптасуы. Кейір жағдайда үрдіс өліммен аяқталуы мүмкін, егер микробтар мен макроорганизм арасында тепе-тендік қалыптасса микроб тасып жүрушілік байқалады.

Инфекциялық процесстің көрінісі әр қылы. Шығу тегі бойынша ажыратады: экзогенді инфекция – микроб сырттан келіп жүккәнда пайда

<b>ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы	50-11 –
Дәрістер кешені	40 беттің 11 беті

болады; **эндогенді инфекция** (син: парэнтеральді, аутоинфекция) – макроорганизмнің өзінде болған микробтар және қалыпты микрофлораның шартты – патогенді өкілдері қоздыратын инфекция. Эндогенді инфекцияның пайда болуы микроорганизмнің резистенттілігін және екіншілік иммунды тапшылық дамуына әкелетін факторлардың әсерінен микроорганизмнің қорғаныс құштерінің әлсізденуімен байланысты.

Қоздырғышты қандай жерде орналасуына және жиналуына байланысты **ошақты** және **генерализацияланған** (жайылған) инфекциялар деп бөледі. Ошақты инфекция кезінде (син: локальді, жергілікті инфекция) қоздырғыш инфекциясының кіру есігінің аумағында қалады және макроорганизм бойынша таралмайды. Ал генерализацияланған инфекция кезінде микроб әр түрлі жолдармен (лимфогенді, гемотогенді, бронхенді және периневральді) бүткіл макроорганизмге таралып жайылады. Осылай етіп бөлу шартты, өйткені макроорганизмнің резистенттілігі төмендегенде, ошақты инфекция генерализацияланған инфекцияға айналуы ықтимал. Жергілікті, ошақты қабыну процесі көбінесе жалпы генерализацияланған инфекциялық процесс патогенезінің сатысы ғана болып табылады. Егер микроб қанда ұзақ уақыт болмаса және көбеймесе (бұл жағдайда қан тасымалдаушы орта қызметін атқарады) бактеримия, риккетсия, спирохетемия, вирусемия, паразитимия дейді. Бактеримия, вирусемия және т.б. – барлық инфекциялық және трансмиссивті механизммен жүгатын инвазиялық аурулардың патогенезінің сөзсіз түрде қажетті кезеңі (этапы). Қан ағымымен микроорганизмге таралып, микробтар жасушалық элементтермен ассоциялануы немесе плазмада бос түрінде қалуы мүмкін. Жасушалық мембронасы микробтарды қолайсыз жағдайдан қорғайды. Антигенемия қанда бүтін микроб жасушасы немесе микробтың жекелеген антигендері (мысалы, бактериялардың O-, Н-, К- антигендері) түрінде болуы. Антигенемия – бактериямия, вирусемия және т.б. қарағанда, кең ауқымды түсінік. Антигенемия микробтар қанға түспеген жағдайда да болады (тырысқақ, шигеллез кездерінде). Қанда токсин болғанда токсинемия дейді. Микроб кіру аумағында қалып қойып, аурудың барлық негізгі симптомдары бактериялық белокты токсиндердің әсер етуімен байланысты инфекциялар – **токсинемиялық инфекциялар** деп аталады (сіреспе, ботулизм, газды гангрена). Микробтар қанда және лимфада тұрақты мекендей, көбейетін жағдайларды сепсис деп атайды. Сепсис (грек; sepsis – іріндеу) немесе септицемия. **Септицемия** – инфекция кіру есігі белгісіз жағдайда болатын сепсистің бір түрі. Кіру есігінен шеткегі жатқан ішкі органдарда екіншілік ірінді ошақтар пайда болса септикопиемия деп атайды.

Микробтың бір түрімен қоздырылса – моноинфекция; ал бір мезетте бірнеше микробтар қоздыруға қатысса – аралас немесе микстинфекция деп аталады. Микст-инфекциядан екіншілік инфекцияның айырмашылығын ажыратада да білу керек.

**Екіншілік инфекция** кезінде микробтың бір түрімен қоздырылып

<b>ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы	50-11 –
Дәрістер кешені	40 беттің 12 беті

дамыған инфекциялық процеске, бірінші микробтың әсерінен микроорганизм резистенттілігінің төмендеуі нәтижесенде, басқа бір микробпен немесе микробтармен қоздырылған инфекциялық процес қосылады. Екіншілік инфекцияны қебінесе адам ағзасының қалыпты микрофлорасының өкілдері қоздырады (мысалы, грипп кезінде бактериялық пневмонияның дамуы). Суперинфекция – аурудан айықпай тұрғанда сол микробтың қайтадан жұғуы нәтижесінде болатын инфекция, ол аурудың сол кезеңіндегі клиникалық көріністерінің қүшейуіне әкеліп соқтырады. Реинфекция – аурудан толық жазылып кеткеннен кейін сол микробтың қайтадан жұғуынан болатын инфекция. Егер инфекциялық процесс кезінде оған тән клиникалық симптомдары толық және айқын дамыса, инфекцияның манифестік түрі (лат; manifestus – айқын, анық), ал клиникалық белгілері білінбесе – инаппарантты (син: белгісіз, симптомсыз) түрі деп аталады. Микроб пен микроорганизмнің өзара әсерлесуінің ұзақтығына қарай шартты түрде инфекциялық процестің екі типін ажыратады.

Бактерия токсині –эндотоксин, экзотоксин.

**4. Иллюстрациялы материалдар:** плакаттар, схема, презентация.

**5. Әдебиет: Қосымша 1 қарау.**

**6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы):**

1. Инфекциялық аурулардың кезеңдерін атаңыз?
2. Коллонизация?
3. Токсин түрлерін атаңыз?

## **№ 5 дәріс**

**1. Тақырыбы:** Иммунитет. Иммунитет түрлері. Иммундыбиологиялық препараттар туралы түсінік.

**2. Мақсаты:** Студенттерді иммунды жүйенің құрылымымен, иммунитет теориясы және гуморальды және жасушалық қызметті ұйымдастырудың және жұмыс істеудің негізгі принциптерімен таныстыру.

Жұқпалы аурулардың серологиялық диагностика әдістерін менгеру. Жұқпалы, жұқпалы емес аурулардың емі және диагностикасында, алдын алуда кеңінен қолданылатын, ИМБП қарастыру.

**3. Дәріс тезисі.**

Иммунология (иммунитет және грек. logos – ілім) – ағзаның әртүрлі антигендерге (ағзаға түскен жат текті агенттер) молекулалық, жасушалық және басқа физиологиялық реакцияларын және осыған байланысты ағзада пайда болатын өзіндік ерекше және өзіндік емес құбылыстарды зерттейтін медицина және биология ғылымдарының сабактас саласы.

Иммунология ағзаның қорғаныш қабілетін, бөгде заттарға пайда болған генетикалық, молекулярлық және жасушалық механизмін, онда пайда болатын иммунитетті зерттейді.

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN</b> <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN</b> <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы	50-11 –
Дәрістер кешені	40 беттің 13 беті

Заманауи иммунологияның анықтамасы оның тарихи қалыптасуын жарықтандыруды талап етеді. Классикалық иммунология Э.Дженнер, Л.Пастер есімдерімен байланысты. Мысалы, 1796 жылы ағылшын дәрігері Э.Дженнер алғаш шешекке қарсы егуді ұсынып, соның нәтижесінде организмде иммунитет қалыптасатынын дәлелдеген. 1880 жылы Л.Пастер күйдіргі мен құтыруға қарсы егілетін вакцинаны тапты. 1887 жылы И.И.Мечников ғылымдағы үлкен жаңалық – фагоцитоз процесін ашып, иммунитеттің жасушалық теориясын ұсынды. 1900 жылы австралиялық ғалым К.Ландштейнер адам қанының тобы мен резус-факторын ашып, соның нәтижесінде тіндік бірдей антигендер теориясының негізін салды.

Иммунды жүйе өз алдына тәуелсіз жүйе болып табылады, жүйе функциясын қалыптастыратын өзінің мүшелері, жасушасы және көптеген молекулалары болады. Иммунды жауаптың инфекциялық және инфекциялық емес агенттерге қарсылығы иммунды жүйенің келесі маңызды екі сілтемесі арқылы жүзеге асады: гуморальды және жасушалы. Иммунды жүйенің басты жасушалары болып Т- және В-лимфоциті саналады.

Иммундық жүйе - ағзаға кіретін патогенділерге тән емес қорғанысты, сондай-ақ арнайы қорғаныс жасайтын адаптивті иммундық жүйенің құрамдас бөліктерін ұсынатын және антигендік тұрақтылықты бақылайтын мамандандырылған лимфоидті мүшелер мен тіндердің жиынтығымен ұсынылған тұқымдық иммундық жүйенің құрамдас бөліктері болып табылатын мүшенің кешенді қорғаныс жүйесі болып табылады.

Адаптивті иммунды жүйенің мүшелері – адамдарда иммунитеттің орталық (біріншілік) және шеткегі (екіншілік) мүшелері ретінде көрсетілген. Орталық мүшелерде (тимус және сүйек кемігі) лимфоидты ізашар жасушалардан Т- және В-лимфоциттердің түзілуі жүреді. Шеткегі (екіншілік) мүшелерде (ағзаның барлық лимфоидтық түзілістері) лимфоциттердің антигендермен кездесуі және адаптивті иммунды жауаптың дамыу жүзеге асады.

Иммундық жауап - тұа біткен және адаптивті иммундық жүйелермен олардың тығызы өзара әрекеттесуімен орындалатын және антигенді ағзаны тану, байластыру, инактивтеу, жою және жоюға бағытталған күрделі иммунологиялық реакция болып табылады.

1. В-жүйесінің негізгі функциялары.
2. G иммуноглобулинінің химиялық құрылымы.
3. Иммуноглобулин Fab және Fc-фрагменттерінің функциялары.

Гуморальды иммунитеттің жүйесі - бұл негізгі функциясы антигендерге қарсы антиденелердің синтезі болып табылатын мамандандырылған жүйе. Гуморальды иммунитеттің функциональды белсенділігі көп жағдайда иммунитеттің Т-жүйесі мен антигенді ұсынатын жасушалармен тығызы әрекеттестігіне байланысты.

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы	50-11 –
Дәрістер кешені	40 беттің 14 беті

Гуморальды жүйенің негізгі жасушасы антидене синтезіне жауапты В-лимфоциті болып табылады. Гуморальды иммундық жауапты іске асыруда антиденелердің қатысуы еритін және корпуксуларлық антигендермен иммундық кешендердің қалыптасуымен байланысты. Иммундық кешендердің бөлігі ретінде антигендер оқшауланды немесе жойылады.

Антидененің негізгі функциясы антигенмен нақты байланысы болып табылады. Антигендер мен антиденелердің нақты өзара әрекеттестігі кеңістіктік хат-хабарларға немесе олардың арасында бар комплементарлылыққа негізделген.

IgG молекуласында 4 полипептидтің тізбек бар: 2 ауыр және 2 женіл. V-домендер деп аталатын гиперварифтік аймақтың аминқышқылдары антигенмен тікелей байланыста болады. Белсенді орталықтың құйысы ауыр және женіл тізбектердің айнымалы бөліктері арасында орналасады және пішінде белгілі бір гаптен топтауына сәйкес келеді. Үнемі екі ауыр тізбекті ұстап тұрушуға Fc-фрагмент  $i(2CH_3)$  және  $2CH_3$ ) деп аталады.

### Fab және Fc фрагменттерінің негізгі қызметтері.

Fab-фрагменттің негізгі қызметі - антигенді байланыстыру, себебінің құрамына Ig молекуласының белсенді антигенбайланыстырушы орталық кіреді, ол жеңіл және ауыр тізбекті VH және VL домендерінен құралған.

#### Fc-фрагменттің қызметтері:

- Иммуноглобулиндердің әртүрлі кластары Fc-ұзіндісінің құрамы бойынша ерекшелінеді. Бұл ерекшеліктері Fc-ұзіндісіне кіретін CH-домендерінің санына, сонымен қатар, аминдық қышқылдарының құрамына байланысты болады (қосымша домендер болуы мүмкін, мысалы CH4 - IgM және IgE). Fc-ұзіндідегі құрылымы ерекшелігіне байланысты иммуноглобулиндер кластары қызметіне қарай да ерекшелінеді.

- Fc-ұзіндісінің көмегімен иммуноглобулиндер молекулаларының полимерленуі өтеді (мысалы, секреторлы IgA димер және тример түзеді, IgM - пентамер).

- IgM, IgG1, IgG3 Fc-ұзіндлерінде шарнирлі аумақ арқылы антиген байланысуы кезінде құрылымдық өзгеріс өтеді, бұл кезде CH2-домен аймағында комплемент жүйесінің бірінші компонентін байланыстыратын белсенді аймағы қалыптасады, сондықтан иммуноглобулиндердің бұл кластары комплемент жүйесін класикалық жолмен белсендіреді.

- Fc-фрагменті көмегімен В-лимфоциттердің плазмалық мембранасына иммуноглобулин молекуласы тіркеледі де, антигентанушы рецептор қызметін атқарады.

- Ағзаның көптеген жасушаларының бетінде әртүрлі Ig класына арналған Fc-рецепторлары бар. Егер осы иммуноглобулиндер бар осы рецепторларға тиісті иммуноглобулиндер немесе иммундық комплекстер қосылса, осы рецепторлар арқылы тиісті жасушалардың функцияларын белсендіру немесе тоқтату мүмкін.

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы	50-11 –
Дәрістер кешені	40 беттің 15 беті

Егер ол рецепторларға сай келетін Ig немесе құрамында Ig бар иммундық комплекс тіркелсе, онда сол рецепторлар арқылы берілген жасушалардың жұмысының беленуі немесе басылуы жүреді. Мысалы: Плацента трофобласттарында тек IgG-ға арналған Fc-рецепторлары бар. Ол рецепторларға тіркеліп, IgG белсенді тасымалдану әдісімен плацента арқылы анадан ұрыққа трансплацентарлы түрінде беріледі және нәрестенің пассивтік иммунитетін қамтамасыздандырады. Плацентада бұл иммуноглобулиннен басқа кластарына рецепторлар жоқ, сондықтан плацента арқылы басқа иммуноглобулиндер өте алмайды.

Лимфоциттердің негізгі сыныптарының бірі В-лимфоциттері CD20 + CD72 + фенотипіне ие; сүйек кемігін бөліп, антиденелерді синтездеуді жүзеге асыратын адаптивті иммунитеттің В-жүйесінің жасушалық негізін құрайды; В-лимфоциттердің негізгі белгілері беттік антигенді таниды иммуноглобулинді рецепторлардың болуы (SRS); антигендік белсенділікте болғанда, В-лимфоциттері антигенді танатын рецептормен бірдей ерекшелікке ие антиденелерді (иммуноглобулиндер) шығаратын плазма жасушаларына бөлінеді. Перифериялық қанда әдетте лимфоциттердің жалпы санының 10-20% құрайды.

Иммуноглобулиндер – антигендер әсеріне жауап ретінде түзілетінсарысулық ақуыздар, сарысулық глобулиндерге жататындықтан иммуноглобулиндер деп аталады; В-лимфоциттермен синтезделеді, олар арқылы гуморалды иммунды жауап жүзеге асады. Адамда иммуноглобулиндердің 5 негізгі кластары бар: M, G, E, A, D. Осы кластардың әрқайсысының өзіне сай құрылымы бар және белгілі қызмет атқарады; олардың барлығы 2 түрлі полипептидті тізбектердің ретті агрегаттарынан құрастырылған: тізбектің бірі – «женіл», ал екіншісі – «ауыр», жалпылама қабылданған белгілерге сәйкес – H(heavy) және L (light) деп аталады. Барлық кластарғы иммуноглобулиндерде женіл тізбектерінің құрылышы үқсас болады. Кластардағы айырмашылық ауыр тізбек құрылышының өзгешелігімен негізделген.

Иммунологиялық препараттар – адамның иммундық жүйесіне асер ететін препараттар. Инфекциялық және иммундық жүйеде рөл ойнайтын жүқпалы емес аурулардың алдын алуда, емдеуде және диагностикалауда қолданылады. Төмендегідей топтарға бөлінеді:

1. Вакциналар және анатоксиндер – ағзада иммундық жады механизмдерінің мобилизациясы әсерінен белсенді инфекцияға қарсы иммунитеттің қалыптасуымен арнайы иммундық жауаптың индукциясына арналған препаттар;

2. Иммундық сарысулар және иммуноглобулиндер – дайын антиденесі бар препараттар (иммуноглобулиндер), ағзаға енгізгенде интоксикация мен инфекциядан қорғай алатын, тез арада пасивті гуморальді иммунитеттің қалыптасуына алып келеді.

<b>OÝTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы	50-11 – 40 беттің 16 беті
Дәрістер кешені	

3. Тірі микроорганизмдерден немесе микробтық өнімдерден (фагтар, эубиотиктер) дайындалған препараттар;

4. иммуномодуляторлар;

5. диагностикалық препараттар, сонымен қоса, аллергендер.

Иммунопрофилактика – халықты жеке немесе жаппай жұқпалы аурулардан қорғауда жасанды иммунитетті қалыптастыру немесе күшету әдісі. Иммунопрофилактика төмендегідей бөлінеді:

1. арнайы – нақты қоздырғышқа қарсы;

а. белсенді – вакцина енгізу арқылы иммунитеттің пайда болуы;

б. пассивті – сарысулы препараттар мен иммуноглобулинді ендіру арқылы иммунитетті қалыптастыру.

2. арнайы емес – жалпы иммундық жүйені активизациялау.

Иммунотерапия – Иммундық жүйеге әсер ететін, иммундық препараттармен жұқпалы ауруларды емдеу: оның стимуляциясы, иммундық құрылымның қайта қалпына келуі немесе түзетілуі, иммундық жауапты уақытша алмастыру немесе басу және т.б. Қысқа түсінікте, иммунотерапия бұл – жұқпалы ауруларды иммундық сарысулар (серотерапия), вакциналар (вакцинотерапия), аллергендер (десенсибилизация) арқылы арнайы емдеу әдістері.

Серотерапия – ауру қоздырғышына немесе оның токсиндеріне қарсы арнайы антиденесі бар, иммундық сарысуларды немесе иммуноглобулин препараттарын науқасқа ендіруге негізделген жұқпалы ауруларды емдеу әдісі.

Серотерапия патогенезі қоздырғыштың экзотоксинімен анықталатын ауруларда ең тиімді. Антиденелерді уақытылы ендіру қоздырғыштың токсинін және оның әсерінің жойылуына алып келеді.

Вакцинотерапия иммунитетті ынталандыру және осы микроорганизмге немесе оның антигендеріне ағзаның десенсибилизациялануы мақсатында науқасқа вакцинаны немесе жекелеген микробтық антигендерді ендіру. Вакцинотерапияны созылмалы, қайталанатын жұқпаларда немесе табиги пайда болған иммунитет баяу және әлсіз болатын ауруларда қолданады. Вакцинотерапияда стандартты емдеу вакциналарын немесе науқастан бөлініп алынған штамнан дайындалған вакциналарын (автовакцина) қолданады.

**4. Иллюстрациялы материалдар:** кесте, плакаттар, презентация.

**5. Эдебиет: Қосымша 1 қарау.**

**6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы):**

1.Иммунология терминіне түсініктеме беріңіз?

2. Иммунитет түрлері.

3. Фагоцитоз стадияларының маңызы қандай?

4. Иммуноглобулиндер класы, олардың негізгі сипаттамасы, айырмашылығы және ерекшеліктері.

<b>OÝNTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы	50-11 –
Дәрістер кешені	40 беттің 17 беті

5. Жұқпалы аурулардың иммунопрофилактикасында және иммунотерапиясында қолданылатын препараттар.

6. Алу әдістері бойынша вакциналардың классификациясы.

## № 6 дәріс

**1. Тақырыбы:** Жеке микробиология негіздері. Ірінді-қабыну инфекция қоздырыштары.

**2. Мақсаты:** Студенттерге стафилококтар, стрептококтар, менингококтар мен гонококтардың биологиялық қасиетін, микробиологиялық диагноз қою әдістерін үйрету.

### 3. Дәріс тезистері.

Коктар тобына шар тәріздегі стафилококтар стрептококтар, энтерококтар, пневмококтар, пептококтар, вейлонеллар кіреді. Тыныс алу түріне қарай аэробты, микроаэрофильді, факультативті анаэробты, қатаң анаэробты коктар болып бөлінеді. Стафилококтар *Staphilacoccus* тегінے жатады, өзінің ішіне келесі түрлерді кіргізеді.

1:*Staf.aureus*.

2:*S.epidermidis*.

3:*S.saprophiticus*.

Бұл бактериялар факультативті анаэроб коктар қатарына кіреді жұғындыдан алынған таза дақылда моншақ тәрізді тізбектеліп орналасады. Коктар морфологиялық қасиетіне қарай және ауру қоздыру қасиетіне қарай бір-біріне ұқсас келеді. Аталған коктар ірінді қабыну процесін қоздырады. Ірінді-қабыну аурулары- хирургиялық аурулардың 35-40%, әр 3/ауру ірінді қабыну процесімен ауырады. Ірінді қабыну процесі тек қана хирургиялық, акушер-гинекологиялық, отолорингологиялық, офтальмологиялық, стоматологиялық аурұханаларда да кездеседі.

Әдеби мәліметтерге сүйенсек 25-50% ірінді қабыну процесін коктар қоздырады.

Морфологиясы. Гр + тбактерия, шар тәрізді диаметрі 0,5-1,5 мкм жүзім шоғырына ұқсас орналасады. Жасуша қабырғасының негізгі компоненті пептидогликан, рибитетхой және глицеринтейхой қышқылы болып табылады.

Дақылдық қасиеті. Негізгі қоректік орталары сары-уызды тұзды агар, қоректік ортада крем түсті бұлышыр дөңгелек сары түсті колониялар тұзеді.

Колониялардың түсі липохром пигментінің барлығымен түсіндіріледі, оның түсінің сары түске енүі оттегі бар қанды, көмірсутегі, бомаса сұтті қоректік орталарда байқалады. Қанды агарда колониялар гемолиз зонасын тұзеді.

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы	50-11 –
Дәрістер кешені	40 беттің 18 беті

Ферменттік қасиеті. Б/Х активтілігі (белсенді) каталазаны өндіреді. Фогес- проскауэр реакциясы он, нитратты нитритке болмаса азотқа дейін қалпына келтіреді.

Антигендік құрылышы. Антигендік құрылымы құрделі. Түріне тән АГ- болып тейхой қышқылы болып табылады. *S. aureus*-рибитетхой қышқылы, *S. epidermidis*-глициеринтейхой қышқылы, *S. saprophyticus*-2 қышқылды да өзінде сақтайды.

Патогендік факторы болып стафилококтардағы микрокапсула, жасуша қабырғасының компоненттері, агрессия және токсиндердің ферменттер.

Микрокапсула-бактерияларды полиморфты ядролық фагоциттермен фагоцитоздан қорғайды, микробтардың адгезиясына және микроорганизмдердің ұлпа арасына таралуына алып келеді. Ет сорпалы пептонда біркелкі лайлану байқалады.

Токсиндік қасиеті. Страфилокок тәмендегі қасиетке ие токсин бөліп шығарады.

1. гемотоксиндік қасиеті – эритроциттерді лизиске алып келеді.
2. лейкоцидин лейкоциттерді жоюшы
3. некротоксин-ұлпаны некрозға алып келеді
4. летальді токсин-жануарларды өлтіруші қасиеті
5. энтеротоксин тағамнан улануды шақырушы токсин

Пигмент түзу түріне қарай

- 1 *Stafilococcus aureus* – алтын түсті пигмент
- 2 *Stafilococcus albus* – ақ түсті пигмент
- 3 *Stafilococcus citreus* – лимон сары түсті пигмент

Адамдарда жиі патогенді – қасиетін көрсететін стафилококк түрі бұл алтын-сары түсті стафилококк

Стафилококктар 3 топқа бөлінеді.

- 1 патогенді.
- 2 шартты патогенді
- 3 патогенді емес(сапрофитті)

Патогенділік белгісі болып маннитті ыдыратуы, гемотоксин, некротоксиннің барлығы патогенділік көрсеткіші болып табылады. Страфилококтар бізді қоршаған ортада, ауада, шанда, адам терісінде ауыз мұрын қуысында, жарақаттарда кездеседі.

**СТРЕПТОКОКТАР** (*Streftococcus*) моншаш әсерінде тізіліп орналасады.

Стрептококтар қозғалмайды, споралары жоқ. Грам әдісімен бояғанда он, физикалық және химиялық факторлардың әсеріне тәзімсіз.

Стрептококтардың көпшілігі аэробтарға және факультативті анаэробтардың қатарына жатады, бірақ арасында қатаң анаэробты түрі де болады. Организмнен бөлініп шыққан стрептококтар жасанды қоректік ортаға біртіндеп үйрене бастайды. Қоректі ортаға қан сарысын, болмаса қан қосқанда көбеюі жақсарады. Стрептококтар келесі токсиндерді бөліп

<b>OÝTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы	50-11 –
Дәрістер кешені	40 беттің 19 беті

шығарады (гемолизин, лекоцидин, фибринолизин). Диффузды фактор ұлпа арасындығы кеңістіктен бактериялардың өтіуіне жәрдем береді. Патогенді стрептококтардың патогенді емес стрептококтардан айырмашылығы қанды агарда гемолиз береді және фибролинолитикалық белсенділікке ие.

Менингококк - өткір инфекциялық аурулардың қатарына жатады, қоздырғышы NEISSERIA MINGITIDIS, ая-тамшы жолымен таралып мұрын жұтқыншақ кілегей шырышты қабатында жергілікті қабынуды артынша менингитті септицемия (менингококцемия) және мидың жұмсақ қабықшасын қабындырады (менингококты менингитті шақырады).

Морфологиясы - дөнгелек пішінді диаметірі 0,6-1,7 мкм жұптасып орналасады, жоғарғы жағы бір-біріне қараған, иілген тегіс орналасқан. Жасушалар полиморфты. Гр – жіпшелері жоқ, спорасы жоқ.

Дақылдық қасиеті. Қатаң аэроб, қоректік орталардан құрамында акуыз (белок) қосылған, сарыгуыз, қан сары суында жақсы өседі. Мюллэр–Хилтон қоректік ортасында да жақсы өседі. РН-7,2-7,4 қалыпты температура 37с, 30 - 38с жақсы өседі. Жоғарғы концентрациясы СО<sub>2</sub>, ылғалдылық менингококк қоздырғышының өсуіне ықпалдандырады. Қанды агарда нәзік дөнгелек жылтырақ күл түсті колониялар түзеді. **Б/Х-** белсенділігі төмен. Глюкоза, малтозаны қышқылға дейін ыдыратады. Индол, күкіртті сутек түзбейді. Шартты патогенді нейссериялардан айырмашылығы сахарозадан крахмал тәріздес полисахаридтер түзбейді.

Антигендік құрылымы - А, В, С, Д серологиялық тип түзеді. Патоген А-тип, эпидемияның таралуын В-С типтері жекеленген инфекцияның таралуына алып келеді.

Патогендік факторы - негізгі фактор (патогендік) капсуласының барлығында, ол менингококты барлық факторлардың әсерінен, бірінші фагоцитоздан қорғайды. Менингокок - ете жоғары токсигендік қасиетке ие эндотоксин бөліп шығарады. Басқа патогендік факторларға, кірпікшелер, сыртқы мембрана ақуызы, гиалуронидаза, нейраминадаза жатады. Кірпікшелер жұтқыншақтың мұрын бөлімінің кілегей қабатына еніп қабыну процесін қоздырады.

Лабораториялық жануарлар минингокок қоздырғышын аз қабылдайды. Ақ тышқанға, теңіз шошқасына іш астар ішілік қабатына жібергенде жануарлардағы күшті интоксикация өлімге алып келеді. 11-18 апталық тауық эмбрионының аллоинтоис қуысына жібергенде 48 сағ. кейін эмбрионның өліуіне алып келеді.

**Эпидемиологиясы.** Инфекция тасушы науқас адам, бактерия тасушы.

1. топ генерализацияланған түрі (1% жалпы ауру ішінде).
2. топ назофарингит (10-20% жалпы ауру ішінде).
3. топ дені сау тасушылар.

**Иммунитет.** Тұрақты иммунитет қалыптасады, қайта ауру аз кездеседі.

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы	50-11 –
Дәрістер кешені	40 беттің 20 беті

Микробиологиялық диагностикасы - бактериоскопиялық, бактериологиялық, серологиялық әдістер кеңінен қолданылады.

Гонококтар-Neisseria әулетіне, N. Gonorrhoeae түріне жатады.

Морфологиясы - диплококтар кофе дәндөрі сияқты жұптасып орналасады.

Спора түзбейді, қозғалмайды, микрокапсула түзеді, Гр.-Қатаң аэроб.

Дақылдылық қасиеті - қоректік орталарға талғампаз тек қана адам ақуызы (қан сарысусы қосылған агарда, асцит-агарда) жақсы өседі. Қан сарысулы агарда майда жалтырақ тамшы тәрізді колониялар түзеді.

Б/Х-қасиеті-белсенділігі төмен тек қана глюкозаны қышқылға дейін ыдыратады.

Антигендік құрылымы-1. сыртқы мембранны ақуызды антиген. 2. жасуша қабырғасының липополисахаридті антигені.

Патогенділік фактор.

1. адгезиялы –фимбрилері (кірпікшелері)
2. эндотоксин, фагоцитозды жоюшы.
3. агрессиялық ферменттер гиалуронидаза, нейраминидаза.

Клиникасы:

1. Урогенитальды, экстрогенитальды.
2. гонококты септикопиемия.
3. жас нәрестелердегі конъюктивит бленорея.

Иммунитет. Аурудан кейін тұрақты иммунитет қалыптаспайды.

М.б.д. 1. Жедел түрінде қынаптан, уретрадан бактериоскопиялық жағынды. 2. Созылмалы түрінде бактериоскопиялық, бактериологиялық, серологиялық КБР, иммуноиндикация. Емдеу әдісі –этиотропты терапия.

**4. Иллюстрациялы материалдар:** кесте, схема, плакаттар, презентация.

**5. Эдебиет: Қосымша 1 қарау.**

**6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы):**

1. Страфилококтардың патогенділік қасиеті немен айқындалады?
2. Менингиттен кейінгі иммунитеттің түрі қандай?

## **№ 7 дәріс**

**1. Тақырыбы:** Токсинемиялық инфекция қоздырғыштары. Зоонозды инфекция қоздырғыштары.

**2. Мақсаты:** Дифтерияның, көкжөтелдің, паракоклюштың, туберкулездің, алапестің микробиологиялық диагностикасын қарастыру.

Студенттерге зоонозды инфекция қоздырғыштарының таралуын, жұғу жолдарын науқасқа микробиологиялық диагноз қою әдістерін талдап түсіндіру.

**3. Дәріс тезистері.**

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы	50-11 –
Дәрістер кешені	40 беттің 21 беті

Күл - *Corynebacterium diphtheriae* туғызатын антропонозды, ауатамшылы жолмен тарайтын токсинемиялық инфекциялы ауру. Көмей, жұтқыншақ, кенірдек т.б. ағзаларда фибринозды қабынумен және ағзаның жалпы интоксикациясымен сипатталады. Аурудың аталуы грек сөзінен *diphthera* – үлбір, қабықша, тері – деген мағынаны білдіреді. Ол аурудың клиникалық белгілерімен байланысты. Күл қоздырғышын Т. Клебс 1883ж ашып, Ф. Леффлер 1884ж таза дақылын бөліп алған. *Corynebacterium diphtheriae* *Corynebacterium* туыстастығына жатады. Қоздырғыштың аты морфологиялық ерекшелігіне байланысты грек сөзі «*coryne*» - шоқпар, «*bacteria*» – таяқша деген мағынаны білдіреді. *Corynebacterium diphtheriae* - морфологиялық, дақылдық, биохимиялық, антигендік қасиеттері және токсигендігі бойынша басқа коринебактерияларға қарағанда гетерогенді. Күл таяқшасының биоварлары – *gravis*, *mitis*, *intermedius*.

Күл қоздырғышы тек қана адамнан адамға беріледі. Инфекция көзі – тасымалдаушы және науқас адамдар. Инфекцияның негізгі таралу жолы – ауатамшылы, бірақ ойыншиқтар, ыдыс-аяқ, киім арқылы (тұрмыстық-қатынас жолы) да жүгүү мүмкін. Күл қоздырғышына көбінесе балалар сезімтал, бірақ соңғы жылдары аурудың «есейгені» байқалады. Ауру әсіресе күз-қыс кезеңдерінде жиі кездеседі.

Спора түзе алмауына қарамастан Күл таяқшалары қоршаған орта факторларына өте төзімді болып келеді. Бұл қасиетке құрамында кездесетін балауыз тәріздес зат – кориномиколат арқасында ие. Кепкен үлбірлерде және мұрын-жұтқыншақ шырышында 2 айға дейін сақталғанда алады, әсіресе қыс кезінде. Күл таяқшасы кептіруге және төменгі температураға тұрақты болады. Ойыншиқтарда 15 күнге дейін, ал суда 6-20 күнге дейін сақталуы мүмкін. 5% фенол ерітіндісінде, 2% хлорамин және 70% этил спирті ерітінділерінде 1-2 минуттан кейін жойылады. Пенициллин, тетрациклин, макролид қатарына жататын антибиотиктерге төзімді.

Көкжөтел – *Bordetella pertussis* - адамның жедел инфекциялы ауруы, ол жоғарғы тыныс жолдарының жарақатымен спазмалық ұстама жөтөлмен сипатталынады. Көбінесе мектепке дейінгі балаларда жиі кездеседі. Ауру қоздырғышы 1900 жылы ауру адамның қақырығынан табылды, Көкжөтел қоздырғышы – *Bordetella pertussis* (коклюш) 1906 жылы белгиялық бактериолог Ж. Борде және француз ғалымы О. Жангу көкжөтел қоздырғышының таза дақылын бөліп алғып, негізгі қасиеттерін анықтаған. Көкжөтелге ұқсас, женіл өтетін ауру қоздырғышы *Bordetella parapertussis* (паракоклюш)

*Bordetella pertussis* – облигатты аэроб, есу үшін қолайлы температурда – 37°C, pH - 7,2, 3-7 тәуліктे өседі; қоректік орталарға өте талғамды, қоректік орталар құрамында міндепті түрде сорбенттер болу қажет (қан, белсенділігі жоғары көмір, альбумин), себебі бұл бактериялар метаболизм нәтижесінде қанықпаған май қышқылдарын, H<sub>2</sub>O<sub>2</sub>, метал иондарын, коллоидты құқірт,

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы	50-11 –
Дәрістер кешені	40 беттің 22 беті

сульфиттер бөліп өздерінің өсуіне кедергі жасайды. Борде-Жангу (қан қосылған картоп-глицеринді агар) ортасында өседі, онда олар қара тұсті сынап тамшылары тәрізді, шамалы гемолиз беретін колониялар тұзеді, және казеинді-көмірлі агарда сұр крем түсіне ұқсас колониялар тұзеді (6.2.сурет). Бордепеллалардың басқа түрлері (*Bordetella parapertussis*, *Bordetella bronchiseptica*, *Bordetella avium*) қарапайым қоректік орталарда өсе алады, 24-48 сағат инкубациялаудан кейін көзге көрінетін колониялар тұзеді. Ферменттік белсенділігі. *Bordetella pertussis* биохимиялық инертті немесе белсенділігі жоқ.

Туберкулез (*tuberculosis*; латынша *tuberculum* – төмпешік) - микобактериялар туғызатын инфекциялы ауру, әр түрлі ағзалар мен жүйелерді (өкпе, ас қорыту, зәр шығару жолдары, тері, сүйек, және т.б.) зақымдаумен сипатталады. Барлық микобактериялар адамға және жануарға патогенді, шартты патогенді және сапрофитті болып бөлінеді. Патогенді түрлеріне жатқызамыз: *M. tuberculosis*, *M. bovis*, *M. leprae*, *M. Africanum*, *M. Paratuberculosis*, *M. Microti*, *M. Lepraemurium*. Қазіргі кезде туберкулез қоздырғыштары *M. tuberculosis complex* тобын құрады: *M.tuberculosis*-адамдық түрі, 80-85% жағдайда туберкулез тудырады; *M.bovis*- өгіздік түрі, 10-15% жағдайда кездеседі, (пиразинамидқа төзімділік көрсетеді); *M.africanum*- африкалық тип, 90% жағдайда Оңтүстік Африканың елінде кездеседі (тиоцетазонға төзімділік көрсетеді); *M.tuberculosis microti* (*M.microti*)- тышқандық типі, адамдарда сирек кездеседі; *M.avium*- құстық типі, иммунды тапшылықпен ауыратын адамдарда кездеседі. Туберкулез қоздырғышын Р. Кох (1882) ашқан. Осы қоздырғышты ашқаны үшін Р.Кохқа 1911 жылы Нобель сыйлығы тағайындалды.

Ағзаның туберкулез таяқшасына қарсы өзіндік резистенттілігі бар. Ағзаның қарсы түруына көптеген факторлар кедергі келтіреді: қоғамдық-тұрмыстық жағдайың нашарлығы. Мұндай жағдайда туберкулез ауруы асқынып, қатерлі аяқталуы мүмкін.

Мусовacteriaceae тұқымдастырының *Mycobacterium* туыстастырына (грек сөзі «*muges*» – саңырауқұлақ, «*bacteria*» - таяқша) 160-тан астам микобактериялар түрлері кіреді. Бұл полиморфты, тік немесе сәл иілген және тармақталған таяқшалар. Мицеллий секілді жіптер түзуі мүмкін, олары коктар мен таяқшаларға бөлінеді. Микобактериялардың ерекше қасиеті – қышқылға, спиртке, сіltіге тұрақты болуы. Бұл липидтердің көп мөлшерінің жасуша қабырғасында орналасуына байланысты. Олар анилин бояуларымен қиын боялады, мысалы Грам әдісімен – бояғанда әлсіз грам он. Қозғалмайды, спора, капсула түзбейді. Аэробтар немесе факультативті анаэробтар. Өсуі баяу немесе өте баяу. Каталаза және арилсульфатаза өндіреді. Лизоцимге тұрақты. Халықаралық жұмыс тобының ұсынысы бойынша *Mycobacterium* туыстастырына жататын жағдайда барлық микобактерияларды З топқа бөледі:

<b>OÝNTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрasy	50-11 –
Дәрістер кешені	40 беттің 23 беті

1. Баяу өсетіндер, олар температура мен қоректенудің қолайлы жағдайында тығыз қоректік орталарда 7 және одан да астам тәуліктен кейін қөрінетін колониялар түзетін микобактериялар (*M.tuberculosis*, *M.bovis*, *M.africanum*, *M.avium*, *M.cansasi*, *M.marinum*, *M.simia*, *M.gastrii* ж.т.б.).

2. Жылдам өсетіндер, олар температура мен қоректенудің қолайлы жағдайында тығыз қоректік орталарда 7 тәулікке дейін көзге қөрінетін колониялар түзетін микобактериялар (*M.phlei*, *M.vaccae*, *M.diernhoferi*, *M.smegmatis* және т.б.).

3. *In vitro*-да дақылданбайтын немесе ерекше қоректік орталарды қажет ететін микобактериялар (*M.leprae*, *M.lepraemurium*, *M.haemophylium*).

Алапес – адамдарда болатын генерализацияланған бірінші реттік созылмалы ауру. Клиникасы - тері және жоғары тыныс алу жолдарының шырышты қабатының гранулематозды зақымданулары және шеткегі жүйке жүйесі мен ішкі ағзалардың бұзылыстарымен сипатталады.

Аурудың аталуы грекше *lepros* – қабықшалы, бұдырлы сөзімен байланысты. Алапестік зақымданулар негізі-туберкулездегідей спецификалық гранулема болып табылады. Ауру қоздырғышы - *Mycobacterium leprae*, 1874 жылы норвегия дәрігері Г.А.Гансен микроскопиялық зерттеулер нәтижесінде ашқан. Аурудың 85%-нан астамы Азия мен Африка континенттерінде кездеседі. Қазақстанда да алапес ауруы тіркелген. Алапес ауруы барлық мемлекеттерде кездеседі, сондықтан дүниежүзілік денсаулық сактау ұйымының маңызды мәселесіне жатады. *Mycobacterium leprae* *Mycobacteriaceae* тұқымдастығына, *Mycobacterium* туыстастығына жатады

Зоонозды инфекция қоздырғыштары оба антропозооноз, дene қызуының көтерілуімен өте айқын улану белгілерімен, терінің лимфа түйіндерінің өкпе және басқада мүшелер мен жүйелердің зақымдалуымен сипатталатын жүқпалы ауру.

Франсиеллалар –туляремия қоздырғышы болып жедел және созылмалы адамдарда және жануарларда ағзада қабыну процесін, интоксикациямен, лимфа түйіндерінің зақымдалуымен өтеді. Бациллалар –адам және жануарларда кездесетін өте айқын улану белгілерімен өтетін, терімен лимфатикалық аппараттың зақымдалуы мен сипатталатын жедел жүқпалы ауру.

### 1. *Y.pestis*-оба қоздырғышы.

Морфологиясы. Қоздырғыш спора түзбейді, Грам әдісімен боялмайды капсула түзеді.

Дақылдылық қасиеті. Факультативті анаэроб. Қарапайым қоректік орталарда жақсы өседі. Қалыпты өсу температурасы 28 С, бірақ 2 дең 40 С арасында да өсуі мүмкін. Қоректік орталарда өсуін жылдамдату үшін ортага сульфит натриді, гемолизденген қан қосылады. Тығыз қоректік ортада 8-12

<b>ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы	50-11 –
Дәрістер кешені	40 беттің 24 беті

сағ. сынған әйнек тәрізді колония тұзеді, 18-20 сағ соң R-формалы колония тұзеді.

Ферменттік қасиеті. Плазмокоагулазаны, фибринолизин, гемолизин, лецитиназаны, РНКазаны синтездейді, рамнозаны ж/е сахарозаны ферменттегейді, дектринді ферменттейді.

Антigen құрылымы. Термостабильді О-антigen ж/е термолабильді капсуалы К-антигені бар. Адамның бұл ауруды жүқтүрүү әбден мүмкін. Адам бүргенің шаққанынан кейін обаның бубонды түрімен ауырады, ауа арқылы өкпе түрімен ауырады.

**Иммунитет.** Аурудан кейін өмір бойлық иммунитет қалыптасады.

Патогенезі мен клиникасы. Аурудың айқын клиникалық белгілері микробтық токсикалық ж/е септикалық әсеріне байланысты. Егер қоздырғыш тери арқылы организмге енген болса, онда енген жерде пустула, карбункул сияқты қабынулар пайда болады, яғни обаның терілік түрі байқалады.

Обаның өкпелік түрінде жиі қабыну процесіне плевраның да қосылуымен өтеді. Өкпеде серозды гемморагиялы, сосын некротикалық қабыну процесі пайда болады. Инкубациялық кезең 1-3 күнге дейін созылады. Обаның бубонды, өкпелі, септикалық түрлері болады.

**М.б.д. Бактериологиялық әдіс.** Ол үшін алынады: бубоннан пунктант, ауыз жұтқыншақ шырышынан, қақырықтан, қаннан, пустула қоймалжынынан, ликвордан, секционды материалдан, тірі кеміргіштен, кеміргіштің мәйтінен, бүргелерден, судан, ауадан.

Алдын-алу емдеу әдістері – этиотропты терапия, стрептомицин тетрациклин, левомицетин, аминогликозидтер тағайындалады. Ауыр түрлерінде стрептомицин мен левомицетин бірге тағайындалады. Бактериологиялық зерттеу бубонды түрінде дене қызуы қалыптасқаннан кейін 4 аптадан кейін, өкпелік түрінде дене қызуы қалыптасқаннан кейін 6 аптадан соң алынады.

Реконвалесценттер 3 ай бойы диспансерлік бақылауда болады.

Обаның эпидемиялық аймақтарында тұратын халықтар егілуі қажет, тірі обалық вакцина қолданылады, ол тери үстіне 1 рет егіледі, 7 жасқа дейін -1 тамшы, 10-60 жастағыларға 3-тамшы немесе тери астына 1 рет 0,5 мл. Осы әдіс бойынша 1 жылдан соң ревакцинация жасалынады.

2. *Francisella tularensis* – туляремия қоздырғышы болып жедел және созылмалы адамдарда және жануарларда ағзада қабыну процесін дене қызуының көтеріліуімен, интоксикациямен, лимфа түйіндерінің зақымдалуымен өтеді.

**Морфологиясы.** Туляремия қоздырғышы өте майда /0,3-0,5 мкм/ полиморфты, ГР- таяқша, спора түзбейді, қозғалмайды, капсула түзуі мүмкін.

Дақылдылық қасиеті. Факультативті анаэроб. Әдеттегі қоректік ортада өспейді. Сары –уыз қосылған қоректік ортада қан және цистеин қосылған қоректік ортасында жақсы өседі. Оптимальды температура 37-38 С, PH-6,8-

<b>OÝNTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрasy	50-11 –
Дәрістер кешені	40 беттің 25 беті

7,4. Тауық эмбрионында, сарыуыз қапшығында жақсы өседі. Жасанды қоректік ортада бактерия аттенуациясы байқалады S – формадан R – формаға өтеді.

Б/Х- қасиеті өте төмен, малтоза глюкозаны қышқылға дейін ыдыратады.

Антigen құрылымы –O антиген, беткейлі VI-антigen түзеді. Бруцелламен антигендік туыстығы бар. R – формалы түрі VI – антигенді, вируленттілік ж/е иммуногендік қасиетін жоғалтады .

Патогендік факторы. S- формалы колониясы вирулентті. Патогендік қасиеті қабықты антигендік комплекспен және эндотоксинмен байланысты. Зертханалық жануарлардың ішінде теңіз шошқасы, ақ тышқандар өте жоғары сезімтал.

Аурудың патогенезінде қоздырғыштың лимфа жолымен таралуының маңызы өте жоғары. Микроб және оның токсині қанға өтіп бактеремияға алып келеді.

Иммунитет. Аурудан кейін ұзак уақытқа кейде ағзаның антигенге аллергизациясы байқалады.

Клиникасы. Инкубациялық кезең бірнеше сағаттан 3 аптаға дейін, 3-7 күн. Ауру жедел басталады кенеттен 38-39 С, қалтырау, бас ауру, ағзаның улануы байқалады.

Бубонды, жарақат-бубонды, көз-бубонды, абдоминальды, өкпелі, септикалы түрдегі клиникалық түрлері бар 6% өлімге алып келеді.

Микробиологиялық диагностикасы. Тексерілетін материал қан, бубон пунктантты, жарақаттан жұғынды, көз коньюктивасынан бөлінген сұйықтық, қақырық.

Бактериологиялық, биологиялық, бактериоскопиялық әдістерді қолданамыз. Романовский –Гимзе әдісімен боялады. Серологиялық әдіс ТГАР, КБР, РИФ.

Аллергиялық әдіс. Тері ішіне, тері үстіне, екі енгізу түрінде де аллерген концентрациясы әр түрлі. Нәтижесі 24-36-48 сағ кейін тексеріледі. Оң нәтиже бергенде инфильтрат диаметрі 5 мм дейін болуы мүмкін.

Емдеу әдісі. Антибиотиктер, стрептомицин, тетрациклинді қолданамыз.

3.Бруцеллалар - 3 типке бөлінеді.

1. Brusella melitensis –адамға патогенді, үй жануарларынан (қой, ешкі)  
2. Brusella abortus-ipi қара малдарда сиырда ауру шақырады ,адамға патогенді.

3. Brusella suis- шошқада ауру шақырады, адамдарға патогенді.

Морфологиясы. Бруцеллалар майда коккабактериялар көлемі 0,5-0,2 мкм, қозғалмайды, спора түзбейді. Капсуласы белгілі бір жағдайда ғана түзеді, анилин бояулардың барлығымен боялады, Гр.-Дақылда тұрақтылығы төмен.

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы	50-11 –
Дәрістер кешені	40 беттің 26 беті

**Антиген құрылымы.** Бірдей антиген түзеді О-антиген, капсулалы К-антиген.

**Ферменттік қасиет.** Индол түзбейді, сүтті ірітпейді, желатинаны ыдыратпайды, бірде-бір көмірсутекті ыдыратпайды, экзотоксин түзбейді.

**Патогендік фактор.** Негізгі патогендік фактор бұл эндотоксин және капсула. Қоздырғыш жоғарғы инвазивті қасиетке ие, агрессиялық фермент гиалуронидазаның белсендерлігі.

**Патогенезі.** Бруцелла организімге тері және клегей шырышты қабат арқылы кіріп лимфа арқылы таралады.

**Клиникасы.** Инкубациялық кезең 1-3 апта. Ару қалтыраумен, терлеумен, буындарда аурудың байқалуымен өтеді.

**Микробиологиялық диагностика.** Қоздырғышты анықтау үшін қан алынады, антиденені анықтау үшін қан сарысының, бруцелланы анықтау үшін сүт ж/е сүт тағамдарын аламыз.

**Бактериологиялық әдіс** бірінші күннен оң нәтиже береді 75-80% де. 10 мл көк тамырдан алынған қанды 100-200 мл қантты, бауыр және асцит сүйықтығына енгіземіз. Колбаны термостатқа қоямыз, 2-3 аптадан соң колония пайда болады.

**Алдын-алу әдісі** тірі бруцеллезді вакцинаны қолданамыз.

**Емдеу әдістері.** Жедел және созылмалы түрінде күшті антибиотикотерапия

**Кең спектрдегі антибиотиктер** беріледі. Бруцеллезді иммуноглобулин қолданылады.

**4.Бациллалар.** Түйнeme-адам және жануарларда кездесетін өте айқын улану белгілерімен өтетін, терімен лимфатикалық аппараттың зақымдалуымен сипатталатын жедел жұқпалы ауру.

**Морфологиясы.** Түйнemелі бацилла (*B.anthracis*) өте ірі таяқша, мөлдір капсула мен қоршалған. Қоздырғыштың вегетативті және спора тәрізді түрлерін ажыратады. Вегетативті түрлері тірі ағзада кездеседі. Споралары қоршалған ортада көп кездеседі және өте тұрақты.

**Гр-, қозғалмайды, капсула түзеді.** Спорасы ортасында орналасқан, сопақша тәрізді. Тірі ағзада, жарылмаған мәйітте спора түзбейді.

**Дақылдылық қасиет.** Аэроб. Әдеттегі қоректік ортада жақсы өседі. Пісірілген, шикі картопта бактерияны өсіруге болады. Сүйық қоректік ортада мақта тәрізді үйінді түзеді, лайлануды шақырмайды, қатты қоректік ортада ірі, шеттері тегіс емес R-формалы колониялар түзеді.

**Б/Х –белсендерлігі** жоғары, глюкоза, сахароза, фруктоза, малтоза, крахмал, инулинді қышқылға дейін ыдыратады. Сүтті 3-5 тәулікте ыдыратады.

**Антиген құрылымы.** Түрлік полисахаридті және текті акуызды капсулалы антиген түзеді.

<b>OÝNTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы	50-11 –
Дәрістер кешені	40 беттің 27 беті

Патогендік фактор. Вирулентті штамдары көп мөлшерде капсуалы затты синтездейді, антифагоцитар белсенділікке ие күрделі экзотоксин түзеді, ақуызды комплекс ісінуді шақырады.

Микробиологиялық диагностика. Тексерілетін материал –карбункул, қақырық, нәжіс, қан, зәр.

Серодиагностикасында ТГАР, РИФ, КБР, ТЕГАР, реакция термоприципитация, Асколи реакциясы.

Алдын-алу және емдеу әдістері. Арнайы алдын-алу әдістері сібір қүйдіргісіне қарсы тірі вакцина СТИ (санитар техникалық институт). Иммунизация эпид көрсеткішке қарай қауіпті тобына жүргізіледі.

1. Ауруды және құдіктілерді бөлектеу.
2. Мәйітті және өлген жануар мәітін зақымдалған аймақты жағу.
3. Ауру жануарлар тұрған жерді залалсызыдау.
4. Суды тазалау.
5. Залалданған аймақты хлорлау.

**4.Иллюстрациялық материалдар:** кестелер, сызбалар, плакаттар, презентация.

#### **5. Әдебиет: Қосымша 1 қарау.**

#### **6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы):**

- 1.Дифтерия қоздырғышының патогендік факторлары.
2. Көкжөтелдің патогенезі.
3. Туберкулезде қолданатын аллергиялық сынама.
4. ДҮҮ ұсынған химиотерапия ерекшеліктері.
5. Туберкулез қоздырғышының резистенттілігі.
6. Оба қоздырғышының қалыпты өсу температурасы қандай?
7. Туляремия қоздырғышының бруцелламен қандай туыстыры бар?
8. Түйнеменің алдын-алу үшін қандай вакцина қолданылады?

### **№ 8 дәріс**

#### **1. Тақырыбы: Трансмиссивті инфекция қоздырғыштары.**

**2. Мақсаты:** Студенттерге зоонозды инфекция қоздырғыштарының таралуын, жұғу жолдарын науқасқа микробиологиялық диагноз қою әдістерін талдап түсіндіру.

#### **3. Дәріс тезистері.**

Трансмиссивті инфекциялар адамнан адамға берілмейді. Адам ағзасына жануарлар арқылы, тышқандар мен атжалмандар арқылы және жәндіктер арқылы беріледі. Трансмиссивті инфекцияларға: бөртпе сүзегі, қайтымды сүзек, оба, тулеремия, кене инцефалиті және т.б. жатады. Инфекция тікелей қатынаста сонымен қоса кеміргіштердің зәрімен зақымдалған азық-түлік өнімдері арқылы жұғуы мүмкін.

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы	50-11 –
Дәрістер кешені	40 беттің 28 беті

Rickettsiaceae тұқымдастыры - грам теріс облигатты жасушашілік паразиттер тобы, олар адамдарды, жануарлар, құстар және бұынайқтыларды зақымдайды. Барлық риккетсиялар облигатты жасуша ішілік паразиттер болып келеді. Риккетсиялар вирустар мен бактериялар арасынан орын алады. Вирустар сияқты, риккетсиялар майда пішінді микроорганизмдерге жатады және мезоэндотелия жасушаларының ядросы мен цитоплазмаларында өсіп өнеді. Адам және жануарлар арасында таралуы тасымалдаушылардың (кенелер, биттер) көптігімен байланысты. Риккетсиялар тудыратын аурулардың жалпы аталуы - риккетсиоздар.

Эпидемиялық қайтала ма сүзектің қоздырғышы - *Borrelia recurrentis* Spirochaetaceae тұқымдастырына және *Borrelia* туыстастырына жатады.

Қоректік орталарды талғайды. Дақылдандырылуы тауық эмбриондарында, жануарлардың ақуыздары қосылған, Клигер – Робертсон, Аристовский - Гельцер, Келли орталарында, pH 7,2 – 7,4 жағдайда жақсы өседі. Ферменттік белсенделіліктері нашар зерттелген. Глюкозаны қышқыл мен газға дейін ыдыратады. Микроорганизм эндотоксин бөлуге қабілетті тудыратын, қызба ұстамаларымен және бұлшық еттер мен бас ауырсынулар, қызбасыз аралықтармен сипатталады. Антропонозды ауру. Жануарлар қайтала ма сүзекпен ауырмайды. *Borrelia recurrentis* – ті маймылдарға, ақ тышқандарға, егеуқүйректарға т.б. жүктіру үлкен қындық туғызады. Науқастың қанын сорған кезде қоздырғыш бит ішегіне түседі. Бір тәуліктен соң олар гемолимфаға өтеді, 12 күннің ішінде максималды жағдайға дейін көбейіп үлгереді. Қан сорғаннан соң 5 күннен кейін бит инфекциялы болады. *Borrelia recurrentis* биттердің нәжісімен бөлінеді. Бит шаққан кезде нәжісін теріге тастайды, сол жері қышиды, оны қасыған кезде зақымданған тері арқылы қоздырғыш қанға түседі. Зертханаішілік жұғу жолы анықталған, қоздырғыш науқастың шырышты қабығына түскенде және операция кезінде жұғады.

Трансовариальді (биттердің жұмыртқалары) жолмен инфекцияйды.

Эндемиялық немесе атжалмандақ бөртпе сүзегі (табардилло) – атжалмандарда кездесетін зоонозды жедел қызбалы ауру. Инфекция қоздырғышы – *Rickettsia typhi*, биологиялық және антигендік қасиеті бойынша Провацек риккетсиясына ұқсас, қоздырғыштың тасымалдаушысы – бүргелер болып табылады. Инфекция қоздырғышын 1917 жылы M.N. Neil ашты. Бұл ауру атжалмандар ауруы кездесетін жерде қоныстанған адамдардың арасында анда-санда кездеседі. Атжалман бөртпе сүзегін анықтау және эпидемиялық бөртпе сүзегінен оны ажырату үшін спецификалық антигендермен серологиялық реакциялар қою қолданады.

Морфологиясы. *Rickettsia prowazekii*-мен салыстарғанда *Rickettsia typhi* жасушаларының полиморфизмдігі шамалы. Жасуша үлкендігі 0,35 - 13 мкм. Грам теріс. Здродовский әдісімен қызылға боялады.

Дақылдық және биохимиялық қасиеттері. Риккетсиялар 35<sup>0</sup>C-та тауық эмбрионында және жасушалар дақылында жақсы өседі. Эмбриондарда

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы	50-11 –
Дәрістер кешені	40 беттің 29 беті

таңдақ түрінде өседі. Бұның ақындылар жасушаларына енсе ядроны мен цитоплазмасында өседі.

**4. Иллюстрациялы материалдар:** кесте, плакаттар, схема, презентация.

**5. Әдебиет:** Қосымша 1 қарау.

**6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы):**

1. Трансмиссивті инфекция түрлері.
2. Трансмиссивті инфекцияның экологиясы және эпидемиологиясы.
3. Трансмиссивті инфекцияның диагностикасы.

## **№ 9 дәріс**

**1. Тақырыбы:** Откір респираторлы вирустық инфекция қоздырғыштары.

**2. Мақсаты:** Адамның грипп, парагрипп вирустарымен, коронавирусты инфекция қоздырғыштарымен шақырылатын қоздырғыштардың жалпы сипаттамасын, патогенділік факторларын және микробиологиялық диагностикасын қарастыру.

**3. Дәріс тезистері.**

Жедел ішек аурулары жедел респираторла аурулардан кейін 2-орын алады. ЖІА жылына 3 млрд адам ауырып, оның 5 млн өледі.

ЖІА таралуының негізгі 3 себептері:

1. Нашар санитарлық-гигиеналық жағдай (судың нашар болуы, канализацияның болмауы, тұрғылықты жерлердің нашар тазалануы).
2. Көптеген ЖІА қарсы вакцинаның болмауы
3. ЖІА қоздырғыштарының көптеген түрлерінің болуы. ЖІА 60% - 80% -ның вирустар құрайды.

Денсаулық сақтау саласындағы аса күрделі мәселелердің қатарына жедел ішек аурулары (ЖІА) жатады. ДДҮ-ның мәліметтері бойынша ішек инфекциясымен ауыратындардың саны миллиондан саналады. ЖІА негізінде бактериялар қоздырады (шигеллалар, сальмонеллалар, вибриондар т.б.) бірақ ішек инфекцияларының көптеген қоздырғыштары анықталмай отыр, осыған вирустар себепкер болады. ЖІА—ның вирустық табиғаты еткен ғасырдың екінші жартысынан бастап жан-жақты зерттеле бастады. Ауру қоздыруда олардың маңызы әртүрлі, жиірек кездесетіні пикорновирустар. 20 ғасырдың басында белгісіз вирустар ашыла бастады (ротавирустар, астровирустар, калицивирустар және Норволк вирусы) және олардың этиологиясы анықталған бастады.

**Грипп (grippus)** – тыныс алу жолдарын закымдайтын, дене қызбасымен, жалпы ағзаның улануымен жүрек–тамыр, жүйке жүйесінің закымдануымен сипатталатын, вирустар қоздыратын адамдардың жедел инфекциялы ауруы, ол айқын эпидемиялық таралумен сипатталынады. Грипптің әр эпидемиясы адамдардың денсаулығына ауыр зиян келтіріп және мемлекеттің бастады.

<b>ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы	50-11 –
Дәрістер кешені	40 беттің 30 беті

экономиялық ақуалын төмендетеді. Грипптің инфекциялы табигаты Гиппократтың (412 ж. б.з.д.) кезінен белгілі. «Грипп» деген атты 18 ғасырда француз дәрігері Ф. Брус берген болатын. Италияда бұл ауруды «инфлюэнца» деп атаған. Бірінші дүниежүзілік соғыстың аяғында адам заты белгілі қатерлі «испанки» деген грипптің эпидемиясына ұшырады. 1918 жылы Испанияда эпидемия туралы алғашқы мәлімет алынды. «Испанка» жер шарында таралып, шамасы 1,5 млрд адамға жұқты (жер шарында 1918 ж. – шамасы 2 млрд. адам). Бұл 20 млн. адам өмірін алғып кетті – бірінші дүниежүзілік соғыстан да көп адам өлді. Қазіргі кезде ұш серологиялық типі белгілі – A, B және C. 1933 ж ағылшын зерттеушілері: В. Смит, К. Эндрюс, П. Лейдлоу А грипінің вирусын ауру адамдардан бөліп алды, тұмаудың этиологиялық құрылышын алғашқы жаңа этапқа жатқызды – ол жер шарындағы ең көп инфекциялардың бірі. Т. Френсис 1940 жылы бұрынғы штамдардан айқын ерекшеліктері бар гриптің вирусын анықтады. Алғашқы В. Смит, К. Эндрюс және П. Лейдлоулар анықтаған штаммаларды-А типті, ал Т. Френсистің анықтаған штаммаларды – В типті деп атау ұсынылды. Р. Тейлор 1947 жылы С типті гриптің жаңа вирусын бөліп алды. Індеп таратуда вирустардың ең қауіптің А типті вирусы. Ол адамдарда және құстарда грипп ауруын туғызады. В грипп вирусы шектеулі ғана аймақта таралады. Ал С типті вирусы оқта-текте (сопрадикалық) болатын тұмау. ДДҰ(ВОЗ) –ның 1980 жылғы класификациясы бойынша тұмау вирустарын 3 типке бөледі: A,B,C. Гриптің эпидемиологиялық кезеңінде А типі вирус көп мөлшерде таралады, ол антигендік құрылымының кезкелген өзгергіштігіне байланысты, барлық пандемияны шақыруши. 1957 жылдан бастап гриптік эпидемия әр жыл сайын болады. Грипп А вирусының пішіні сfera тәрізді, диаметрі 80-120 нм. Сыртқы қабықшасы бар, эфирге сезімтал бір жіпшелі. Суперкапсиді бар, екі гликопротеидтен-гемагглютинин және неираминидазадан тұрады. Нуклеотиттен бөлек вирионды қоршап тұратын, липидті-базальды мембронасы бар, вирион нуклеокапсиді РНҚ-ның 8 фрагментінен және 4 капсидті ақуыздан тұрады. PB1-транскриптаза, PB 2-эндонуклеаза, NP-нуклеопротеид РА-репликаза. Нуклеокапсид M1 матриксті ақуызben қапталған. Тұмаудың А типінде антигендерінің (гемагглютинин-НА және нейраминидаза – NA) айырмашылығы бар бірнеше типшелер жатады: гемагглютинин бойынша 15 антигендік типшелер ( H1-H15) және нейраминидаза бойынша (N1-N10). Солардың ішінен адамдарда ауру қоздыратын А грипінің құрамына ұш НА(H1,H2,H3) және екі (N1, N2) кіреді.

**Коронавирустар** – бұл адамдарға, жануарларға және құстарға жұғатын вирустардың үлкен тұқымдастыры. Адамдарда кейбір коронавирустар тыныс алу жолдарының жіті респираторлық вирустық инфекциялары (ЖРВИ) қоздырығыштарының қатарына жатады және тұмау тәрізді негізінен жеңіл және орташа ауырлық дәрежесінде өтетін респираторлық инфекциялар туғызады. Сонымен қатар, бұрын коронавирустар тудырған екі зардабы мол жұқпалы

<b>OÝTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы	50-11 –
Дәрістер кешені	40 беттің 31 беті

ауру тіркелген: 2002-2003 жылдары өлім-жітім деңгейі 9,6% болатын «ауыр жіті респираторлық инфекция» немесе «SARS CoV» ауруы және 2012 жылды – өлім деңгейі 34,4% болатын «Таяу Шығыс респираторлық синдромы» (MERS CoV) ауруы. Бірінші жағдайда 8096 адам ауру жүқтүрып, 774-і қайтыс болды, екіншісінде – 2494 адам ауырып, оның 858-і қайтыс болды.

**COVID-19** деген атауға ие болған коронавирустың бұл жаңа түрі алғаш рет 2019 жылды желтоқсан айында орталық Қытайдағы Ухань қаласында тіркелді. Алдыңғы екі ауру түрімен салыстырғанда қатты екпінмен жылдам таралуда, бірақ өлім-жітім деңгейі төмен, шамамен 3,4%-ды құрайды (салыстыру үшін маусымдық тұмаудан өлім 0,3-1,3% аралығында). Адамдарда COVID-19 симптомы мардымсыз немесе тіпті мүлдем жоқ болуы мүмкін, алайда кейбіреулері қатты ауырып, қайтыс та болады, жасына қарай өлім-жітім де жоғарылайды. Нақты инкубациялық кезеңі өзір белгісіз; шамамен 7-ден 24 күнге жуық.

Осылайша жаңа COVID-19 коронавирусының өлім деңгейі де, таралу қарқыны да әдеттегі тұмауга қарағанда жоғары. Онымен қоса, жаңа коронавирустық инфекцияға тән бірқатар ерекшеліктер аландаушылық тудырады:

1) COVID-19 вирусы мутацияға қабілетті, ал бұл дегеніміз, вакцина жасауда қындықтар тудыруы мүмкін;

2) вирустың жүқпалылығы маусымдық тұмауға қарағанда шамамен 2,5 есе жоғары.

3) COVID-19 тудырған инфекция жаңа болғандықтан – ұжымдық иммунитеттің болмауы вирустың адамдар арасында іркіліссіз таралуына жол ашады;

4) COVID-19 вирусын қайта жүқтүру туралы деректер – кейбір адамдарда осы инфекцияға қарсы иммунитетінің енжар екеніне дәлел бола алады;

5) симптомдары көрінбей тасымалдануы инфекцияның бақылаусыз таралу қаупін едәуір арттырады.

Негізгі мәселелердің бірі – COVID-19 шығу тегі. Жоғарыда айтылғандай, коронавирустар табиғатта өте кең таралған және көптеген жануарлар мен құстарға жүгүү мүмкін. Мысықтар мен иттердегі коронавирустар жіті гастроэнтеритті, ал құстарда жіті жүқпалы бронхитті тудырады. Қытайдағы жарғанаттардан алынған коронавирустың молекулалық талдауы COVID-19 қоздырғышымен толық сәйкес келетіндігін көрсетеді. Дәл осы жарғанаттар инфекцияның бастапқы резервуары болуы мүмкін, ал адамға вирус аралық иесі арқылы өтуі де ықтимал. Сонымен Ухань қаласындағы азыққа қолданылатын жабайы жануарлар базары – инфекцияның негізгі көзі болған деген болжам шындыққа өте жақын.

Тарих көрсеткендегі, көбінесе ауыр респираторлы вирустық инфекциялардың көзі бастапқыда жануарлар немесе құстар арасында таралған вирустар болды. Айтар болсақ, 2002-2003 жылдардағы Қытайдағы

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы	50-11 –
Дәрістер кешені	40 беттің 32 беті

SARS вирусының негізгі резервуары да жарғанаттар болған. Сауд Арабиясында алғаш рет анықталған «Таяу Шығыс респираторлық синдромының» басталуына себеп болған жоғары патогендік вирус адамдарға ауру белгілері жоқ түйелерден берілген. Ал 80 миллионға жуық адамның өліміне әкелген 1918 жылғы әйгілі «испан тұмауына» адам, доныз және құс тұмауы вирустарының үйлесімінен шыққан қоздырғыш себеп болған. Осылайша жануарлар мен құстардың вирустары тұрааратық кедергіні жеңіп, адамдар үшін қауіпті жаңа жүқпалы ауру қоздырғышына айнала алады.

COVID-19 пандемиясының болашағына кесімді болжам жоқ. Қазіргі уақытта COVID-19 таралған негізгі географиялық аймақтар – Оңтүстік-Шығыс Азия және Еуропа, соның ішінде Еуропада инфекция жүқтырған аурулар санының тез өсуі байқалады. Қытаймен саны жағынан деңгейлес, халқы өте тығыз қоныстанған Үндістанда, сондай-ақ денсаулық сақтау деңгейі әмісе жоғары емес Африка елдерінде де коронавирустық инфекцияның пайда болуы туралы хабарламалар алаңдатады. Қазірдің өзінде, COVID-19 жүқтырғандар жер шарының бүкілінен дерлік табылып үлгерді.

**4. Иллюстрациялы материалдар:** кесте, плакаттар, презентация.

**5. Әдебиет: Қосымша 1 қарау.**

**6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы):**

1. Ортомиксовирустардың сипаттамасы.
2. Ортомиксовирустардың диагностикасы, алдын алу және емдеу.
3. Парамиксовирустардың экологиясы және эпидемиологиясы.
4. Коронавирусты инфекцияның шығу тегі.
5. Коронавирус инфекциясының таралу көздері.

## **№ 10 дәріс**

**1. Тақырыбы:** Онкогенді вирустар және адамның иммунды тапшылық вирусы.

**2. Мақсаты:** Студенттерге адамның иммунодефицит вирусы қоздырғыштарына вирусологиялық диагноз қою әдістерін және алдын-алу жолдарын, емдеу әдістерін үйрету. Онкогенді вирустарды анықтауды үйрету және диагноз қою әдістерін менгеру.

**3. Дәріс тезистері.**

**Онковирустар** — ісік туғызатын ретровирустар тұқымдастырының бір тармағы. Құрамына үш туыстық бар С, В, Д және өгіз лейкозының онковирусы кіреді. Түрлерге бөлу вирус бөлшектерінің морфологиялық белгілері негізінде жүргізіледі. Онковирустар В түрі көбірек тараған, ол сұткоректілерді, құстар мен баурымен жорғалаушыларды зақымдайды. Онковирустар Д түрі маймылдар мен мангустардан, В түрі — тышқандар мен теңіз шошқасынан бөлініп алынған. Онковирустар А түрін торшалар

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы	50-11 –
Дәрістер кешені	40 беттің 33 беті

өсіндісінен табуға болады және бұл басқа. Онковирустардың бастапқы формасы болуы мүмкін.

Ретровирустар әулетіне жататын вирустар бірқатар ерекшеліктерге ие: Геномы біржіпшелі фрагментtelмеген позитивті РНҚдан тұрады, бірақ екі молекулалы вирионның құрамында кері транскриптаза ферменті бар.

Кері транскриптазага байланысты виристың РНҚ-геномы, жасушада ДНҚ-геномға айналады. Осы күйінде қожайын жасушасының хромасомасына интеграцияланады.

Виристың құрылымдық белоктарының жиі мутациялануы, эффективті вакцина табуға қыындықтар туғызады. Нуклоекапсидтік құрылымы мен оның вирионда орналысуына қарай, реторвирустардың жалпы құрылымдық гендері үш әулет астына бөлінеді.

-“Көпіргіш” вирустар, бұл вирустардың патологиялық процестермен байланысы түжірымдалмаған. - онкогенді вирустар базау инфекциялалардың қоздырғыштары /СПИД/.

Жүре пайда болатын иммунодефицит синдромы /СПИД/, алғаш рет ерекше ауру ретінде АҚШ-та 1982 жылы аталып көрсетілді. СПИД-тің қоздырғышын 1983 жылы бір-біріне тәуелсіз екі ғалым француз Л. Монтынє және американцы Р. Талло ашты. Оны 1986 жылы алып, немесе АИВ деп атады.

АИВ шар формалары диаметрі 100нм. Виристың қабықшасы көп бұрышты 12 бес бұрыштан және 20 алты бұрыштан құралған. Вирионның нуклеокапсиді үшкір цилиндрлі, дельта пішінді.

АИВ-инфекциясының көзі-науқас немесе вирус тасымалдаушы адам, аурудың берілуі: жыныстық қатынас, қан, анасынан баласына босану жолдары арқылы. ВИЧ инфекцияның патогенезі және клиникалық ерекшеліктері. Вирус жоғары жылдамдықпен көбеюге қабілетті. АИВ-инфекциясында иммунодефициттің даму себебі: Т-хелперлердің жаппай қырылуы және түрлі интерлейкиндердің синтезінің бұзылуы салдарынан Т-киллерлер жүйесінің функциясы бұзылып комплемент жүйесі мен макрофагтардың активтілігі бәсендейді. Бұл науқастарда оппортунистік инфекция, ісік және ОНЖ ауруларының дамуына әкеледі.

АИВ инфекция мен СПИД-тің клиникалық критериилері.

Қауіп тудыратын күрделі симптомдары: 10%-тен жоғары салмақ тастау, бұл ұзаққа созылатын лихорадка, созылмалы диарея. Женіл симптомдары: жәтел, генерализациялынған дерматит, рецидивтенуші белдемелі герпес /ұшық/, ауыз қуысы мен жұтқыншақта кандидоздың пайда болуы.

АИВ инфекцияның лабораториялық диагностикасы, вирус тасымалдаушылық.

АИВ инфекцияны диагностикалаудың негізгі тәсілі ретінде иммуноферментті әдіс қолданылады, зерттелетін барлық қан сарысуларының

<b>OÝNTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы	50-11 –
Дәрістер кешені	40 беттің 34 беті

он нәтижелері, иммуноболтинг немесе вестернболтинг әдісінің көмегімен қосымша тексеріледі.

**АИВ инфекцияны емдеу және арнайы алдын алу проблемалары.**

АИВ инфекцияның дамуын белгілі бір уақытқа дейін тоқтату үшін қолданылатын бірден-бір препарат азидотимидин . Азидотимидинмен емдеу науқастың өмірін орташа есеппен 1,5-2 жылға ұзартады, алайда бұл препаратқа АИВ-1 және АИВ-2 де төзімділігі қалыптасады.

**4. Иллюстрациялы материалдар:** кесте, плакаттар, презентация.

**5. Эдебиет: Қосымша 1 қарau.**

**6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы):**

1. Онковирустар дегеніміз не?
2. Адамның иммунодефициті -1 –дін Адамның иммунодефициті - 2 –ден айырмашылығы қандай?
3. Спидті жоюға болады ма?

<b>ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы	50-11 –
Дәрістер кешені	40 беттің 35 беті

## **Қосымша 1**

### **Негізгі әдебиеттер**

1. Жеке микробиология. 1 бөлім. Медициналық бактериология : оқу құралы / Ф. Т. Алимжанова [ж/б.]. - Алматы : Эверо, 2016. - 380 бет.
2. Жеке микробиология. 2 бөлім. Медициналық протозоология, микология және вирусология : оқу құралы / Ф. Т. Алимжанова [ж/б.]. - Алматы : Эверо, 2016. - 272 бет. с.
3. Медициналық микробиология, вирусология және иммунология : оқулық. 2 томдық. 1 том / қазақтіліне ауд. К. Құдайбергенұлы ; ред. В. В. Зверев. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 416бет с. -
4. Медициналық микробиология, вирусология және иммунология: оқулық. 2 томдық. 2 том / қаз. тіл. ауд. К. Құдайбергенұлы. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 480 бет. с.
5. Murray P. R., Rosenthal K. S., Pfaffer M. A. Medical Microbiology. - Mosby, 2015
6. W. Levinson McGraw-Hill. Review of Medical Microbiology and Immunology, 2014
7. Арықпаева Ү. Т.Медициналық микробиология. Т. 1 : оқу құралы /. - 3-ші бас.толық.қайтаөндөлген. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2019. - 376 б.
8. Арықпаева Ү. Т.Медициналық микробиология. Т. 2 : окуқұралы. - 3-ші бас.толық.қайта өндөлген. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2019. - 442 б.

### **Қосымша әдебиеттер**

1. Бахитова, Р. А. Микробиология, вирусология пәнінен дәрістер жинағы: оқу құралы. - ; Атырау облыстық біліктілігін арттыратын және қайта даярлайтын ин-т басп. ұсынған. - Алматы : Эверо, 2014.
2. Микробиология, вирусология: руководство к практическим занятиям : учебное пособие / под ред. В. В. Зверева. - ; Мин. образования и науки РФ. Рекомендовано ГБОУ ДПО "Российская мед. акад. последипломного образования" Мин. здравоохранения РФ. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 360 с.
3. Байдүйсенова Ә. Ө. Клиническая микробиология : оқу құралы. - 2-ші бас. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 124 бет с
4. Saparbekova A.A. Microbiology and virology : educ. manual. - Second Edition. - Almaty : ЭСПИ, 2023. - 188 с
5. Основы диспансеризации и иммунопрофилактики детей в работе врача общей практики : учебное пособие / М. А. Моренко [и др.]. - Алматы : New book, 2022. - 236 с.

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы	50-11 –
Дәрістер кешені	40 беттің 36 беті

6. Gladwin Mark T. Clinical microbiology made ridiculously simple / Mark T. Gladwin, William Trattler, Scott C. Mahan. - 7th ed. - Miami: Med Master, Ins, 2016. - 413 p.
7. Usmle Step 1. Immunology and microbiology: Lecturer notes / Alley Tiffany L. [et. al.]. - New York, 2019. - 511 p. - (Kaplan Medical)

### Электронды ресурстар:

1. Микробиология және вирусология негіздері/ Изимова Р. [https://mbook.kz/ru/index\\_brief/434/](https://mbook.kz/ru/index_brief/434/)
2. Основы микробиологии и вирусологии/ Успабаева А.А. [https://mbook.kz/ru/index\\_brief/253/](https://mbook.kz/ru/index_brief/253/)
3. Алимжанова, Ф. Т. Жеке микробиология. 1-2 бөлім [Электронный ресурс] : оқу құралы. - Электрон. текстовые дан. ( 60.9Мб). - Алматы : Эверо, 2016. - 380 бет. әл. опт. диск (CD-ROM).
4. Микробиология пәні бойынша лабораториялық жұмыстар. Нарымбетова Ұ.М., 2016 <https://aknurpress.kz/login>
5. Медициналық микробиология. 1-том.Арықпаева Ұ.Т., Саржанова А.Н., Нуриев Э.Х., 2019 <https://aknurpress.kz/login>
6. Медициналық микробиология. 2-том.Арықпаева Ұ.Т., Саржанова А.Н., Нуриев Э.Х. , 2019 <https://aknurpress.kz/login>
7. Абдурова, С.Микробиология: Электрондық оқұлық. - Жетісай : Университет "Сырдария", 2017. <http://rmebrk.kz/>
8. Бияшев, К.Б., Бияшев, Б.К.Ветеринарная микробиология и иммунология : Учебник. . - 2-е изд. - Алматы, 2014. - 417 с. - <http://rmebrk.kz/>
9. Бахитова Р.А. Микробиология, вирусология пәнінен дәрістер жинағы. Оқу құралы Алматы: Эверо, - 2020 [https://www.elib.kz/ru/search/read\\_book/87/](https://www.elib.kz/ru/search/read_book/87/)
10. Санитарлық микробиология: оқу-әдістемелік нұсқауы Алматы – 2020 [https://www.elib.kz/ru/search/read\\_book/30/](https://www.elib.kz/ru/search/read_book/30/)
11. Микробиология, вирусология пәнінен дәрістер жинағы. Оқу құралы Дайындаған: Бахитова Р.А. Алматы: Эверо, - 2020. – 156 б. [https://www.elib.kz/ru/search/read\\_book/87/](https://www.elib.kz/ru/search/read_book/87/)
12. Жалпы микробиология. Оқу әдістемелік құрал./ Рахимжанова Б.К., Кайраханова Ұ.О. – Алматы, Эверо, 2020. - 76 б. [https://www.elib.kz/ru/search/read\\_book/3140/](https://www.elib.kz/ru/search/read_book/3140/)
13. Клиникалық микробиология – 1-ші басылым, 124 бет. Алматы, 2020. Эверо баспасы. [https://www.elib.kz/ru/search/read\\_book/49/](https://www.elib.kz/ru/search/read_book/49/)
14. Микробиология, вирусология пәнінен дәрістер жинағы. Оқу құралы Дайындаған: Бахитова Р.А. Алматы: Эверо, - 2020. – 156 б. [https://www.elib.kz/ru/search/read\\_book/87/](https://www.elib.kz/ru/search/read_book/87/)

<b>ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы	50-11 –
Дәрістер кешені	40 беттің 37 беті

15. Микробиология, вирусология микробиологиялық зерттеу техникасы: жинақ – Алматы: «Эверо» баспасы, 2020.- 80 бет.  
[https://www.elib.kz/ru/search/read\\_book/89/](https://www.elib.kz/ru/search/read_book/89/)

16. Жеке микробиология: 1 бөлім: медициналық Бактериология оқу құралы / F.T. Алимжанова, Х.С. Қонысова, М.Қ. Жанысбекова, F.Қ. Еркекулова. - Алматы: «Эверо» баспасы, 2020. - 380 б.  
[https://www.elib.kz/ru/search/read\\_book/3081/](https://www.elib.kz/ru/search/read_book/3081/)

17. Жеке микробиология: 2 бөлім: медициналық Бактериология оқу құралы / F.T. Алимжанова, Х.С. Қонысова, М.Қ. Жанысбекова, F.Қ. Еркекулова. - Алматы: «Эверо» баспасы, 2016.-272 б.  
[https://www.elib.kz/ru/search/read\\_book/3082/](https://www.elib.kz/ru/search/read_book/3082/)

18. Микроорганиздер экологиясы.Дезинфекция. Стерилизация. Оқу-әдістемелік құралы/ Б.А.Рамазанова, А.Л Катова, Қ.Қ.Құдайбергенұлы, Г.Р. Әмзееева.-Алматы, 2020,96 бет. [https://www.elib.kz/ru/search/read\\_book/821/](https://www.elib.kz/ru/search/read_book/821/)

19. Стамқұлова А.Ә., Құдайбергенұлы Қ. Қ., Рамазанова Б.А. Жалпы және жеке вирусология: оқу-әдістемелік құрал / А.Ә. Стамқұлова, Қ.Қ. Құдайбергенұлы, Б.А. Рамазанова.–Алматы: Эверо, 2020 ж.- 376 бет  
[https://www.elib.kz/ru/search/read\\_book/907/](https://www.elib.kz/ru/search/read_book/907/)

20. Микроорганизмдер морфологиясы /Б.А. Рамазанова, А.Л. Котова, Қ.Қ. Құдайбергенұлы және т.б.: Оқу-әдістемелік құрал - Алматы, 2020. 128 бет. [https://www.elib.kz/ru/search/read\\_book/898/](https://www.elib.kz/ru/search/read_book/898/)

21. Санитарно – микробиологическая характеристика воды. Количество и качественный состав.: учеб.пособие. М.У. Дусмагамбетов, А.М. Дусмагамбетова – Алматы, издательство «Эверо» -2020 - 140 с  
[https://www.elib.kz/ru/search/read\\_book/170/](https://www.elib.kz/ru/search/read_book/170/)

22. Общая и частная вирусология. Жалпы және жеке вирусология. Пособие для студентов медицинских и биологических специальностей.Алматы: Эверо, 2020. – 84 ст.  
[https://www.elib.kz/ru/search/read\\_book/2759/](https://www.elib.kz/ru/search/read_book/2759/)

23. B. T. Seytkhanova, Sh. Zh. Kurmanbekova, Sh.T. Polatbekova, Sh.Zh. Gabdrakhmanova, A.N. Tolegen. CAUSATIVE AGENTS OF ACUTE RESPIRATORY VIRAL INFECTIOUS DISEASES (influenza virus, adenovirus, coronavirus) (I part) <http://lib.ukma.kz/wp-content/uploads/2022/10/Illustrated-teach.-material-eng-2.pdf>

24. B.T. Seytkhanova, Sh. Zh. Kurmanbekova, Sh.T. Polatbekova, Sh.Zh. Gabdrakhmanova, A.N. Tolegen. Pathogens of children's viral infections (measles, rubella, chickenpox and mumps virus) (Part II) <http://lib.ukma.kz/wp-content/uploads/2022/10/illustrated-textbook.pdf>

25. B.T. Seytkhanova, A.A. Abdramanova, A.N. Tolegen, P. Vinoth kumar Lecture complex on the subject "Microbiology and immunology " (General Microbiology) <http://lib.ukma.kz/wp-content/uploads/2022/10/Lecture-complex-General-Microbiology-2022.pdf>

<b>ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы	50-11 –
Дәрістер кешені	40 беттің 38 беті

26. B.T. Seytkhanova, A.A. Abdramanova, A.N. Tolegen, P. Vinoth kumar  
**LECTURE COMPLEX ON THE SUBJECT "MICROBIOLOGY AND IMMUNOLOGY"** (Private Microbiology) <http://lib.ukma.kz/wp-content/uploads/2022/10/Lecture-complex-Private-Microbiology-2022.pdf>

<b>№</b>	<b>Атауы</b>	<b>Ссылкасы</b>
	ОҚМА Электронды кітапханасы	<a href="https://e-lib.skma.edu.kz/genres">https://e-lib.skma.edu.kz/genres</a>
	Республикалық жоғары оку орындары аралық электрондық кітапхана	<a href="http://rmebrk.kz/">http://rmebrk.kz/</a>
	«Aknurpress» сандық кітапхана	<a href="https://aknurpress.kz/login">https://aknurpress.kz/login</a>
	«Эпиграф» электронды кітапханасы	<a href="http://www.elib.kz/">http://www.elib.kz/</a>
	«Эпиграф» мультимедиялық оқулықтар порталы	<a href="https://online.zakon.kz/Medicine">https://online.zakon.kz/Medicine</a>
	ЭБС IPR SMART	<a href="https://www.iprbookshop.ru/auth">https://www.iprbookshop.ru/auth</a>
	«Зан» ақпараттық-құқықтық жүйесі	<a href="https://zan.kz/ru">https://zan.kz/ru</a>
	Cochrane Library	<a href="https://www.cochranelibrary.com/">https://www.cochranelibrary.com/</a>

<b>ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН</b> <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SKMA</b> <b>1979</b>	<b>SOUTH KAZAKHSTAN</b> <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы		50-11 –
Дәрістер кешені		40 беттің 39 беті

<b>ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН</b> <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SKMA</b> <b>1979</b>	<b>SOUTH KAZAKHSTAN</b> <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы		50-11 –
Дәрістер кешені		40 беттің 40 беті